

**«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің
қағидалары мен ережелерін сақтау/сақталмау жағдайы туралы
2020 жылдың қорытындысы бойынша есеп**

«Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№22/15 хаттама) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы Қорға тиесілі заңды тұлғалар үшін Корпоративтік басқару кодексі бекітілді.

Кодекске сәйкес Қор мен ұйымдар Кодекстің ережелерін сақтауға және сәйкес келмеген жағдайда жылдық есепте әрбір ережесінің сақталмау себептері туралы түсіндірмені көрсетуге тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесі жекелеген себептер бойынша Кодекстің жекелеген ережелерін сақтаудың қолданылмайтындығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды жасай алады. Қордың және ұйымдардың Кодексті орындауын бақылау Қордың және ұйымдардың директорлар кеңестеріне жүктеледі. Корпоративтік хатшылар Кодекс ережелерінің тиісінше сақталу мәселелері бойынша мониторинг жүргізеді және Қор мен оның ұйымдарының Директорлар кеңестері мен атқарушы органына консультация береді, сондай-ақ жыл сайынғы негізде қағидаттар мен ережелердің сақталуы/сақталмауы туралы есеп дайындайды.

Көрсетілген ережелерге сәйкес Қоғам өз жұмысына бағалау жүргізіп, Қоғамның ағымдағы қызметінің Кодекстің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестігіне талдау жүргізді, олардың негізінде Қоғамның Корпоративтік хатшысы 2020 жылы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталу/сақталмауы туралы есеп (бұдан әрі - Есеп) әзірледі.

Есеп Кодекстің 7 бөлімі бойынша түзілген ақпарат пен Қоғам қызметінде қолданылатын Кодекстің 64 ережесі бойынша мәліметті қамтиды:

1. Үкімет Қордың акционері ретінде;
2. Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі;
3. Орнықты даму;
4. Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ көзқарас;
5. Директорлар кеңесі мен Атқарушы органның тиімділігі;
6. Тәуекелдерді басқару;
7. Ашықтық.

Жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижелері 2020 жылы Қоғам Кодекстің негізгі қағидаттары мен ережелерінің сақталуын қамтамасыз еткенін көрсетеді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша Кодекстің 64 ережесінің 59-ы Қоғам қызметіне сәйкес келсе, 5-і ішінара сәйкес келді. Сәйкессіздіктер «Үкімет Қордың акционері ретінде» және «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі» бөлімдерінде берілген.

Есеп Қоғамның ағымдағы қызметін, оның Кодекстің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы егжей-тегжейлі ақпаратты, сондай-ақ ішінара ауытқулардың себептері мен түсіндірмелерін қамтиды.

2019 жылдың қорытындысы бойынша "Самұрық-Энерго" АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталу/сақталмауы туралы есеп

Кодек с ереже сінің №	«Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ Сақталмай ды/Ішінара сақталады	Кодекс ережелерінің сақталу/сақталмауы туралы ақпарат
1-тарау. Үкімет Қордың акционері ретінде			
2	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері болып табылады.</p> <p>Қор мен оның ұйымдарының негізгі стратегиялық міндеті – Қор мен оның ұйымдарының ұзақ мерзімді құнының өсуі және орнықты дамуы болып табылады, бұл Қор мен компаниялардың даму стратегиясында көрсетіледі. Қабылданатын барлық шешімдер мен іс-әрекеттер даму стратегиясына сәйкес келуі тиіс.</p> <p>Қор мен компанияларда активтердің оңтайлы құрылымы құрылуы тиіс. Қор мен компаниялар өз активтерінің құрылымын және ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарын барынша жеңілдетуге тырысуы тиіс.</p> <p>Ұйымдар қызметтерін өзінің негізгі (бейінді) қызметінің аясында жүзеге асырады. Қызметтің жаңа түрлерін жүзеге асыруға аталған нарықта бәсекелес жоқ немесе Қор мен ұйымдардың қатысуы шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етеді деген шартпен жол беріледі.</p> <p>Қор ұйымдарында бақылау акцияларының (қатысу үлесінің) болуы мен оларды сақтау ұсынылады.</p>	Ішінара сақталады	<p>Директорлар кеңесі 2018 жылғы 25 тамызда «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекітті, оның стратегиялық мақсаттары мыналар болып табылады: қатысу нарықтарында энергия ресурстарының сенімді және бәсекеге қабілетті жеткізілуін қамтамасыз ету; акционерлік капиталдың құнын арттыру және орнықты даму. Қабылданатын барлық шешімдер мен қызметтер Стратегияға сәйкес келеді. Стратегияны іске асыру мониторингін Қоғамның Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде жүзеге асырады. Жыл сайынғы негізде стратегиялық сессиялар өткізіледі, оның барысында қызметтің негізгі бағыттары, міндеттері, проблемалық мәселелер, тәуекелдер, түзетуші шаралар талқыланады. Қоғамның инвестициялық қызметі стратегияны іске асыру шеңберінде жүзеге асырылады.</p> <p>Қоғамның компаниялар тобына әртүрлі ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы ЕТҰ-лар кіреді: акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер. Кодекс «Қор мен компанияларда активтердің оңтайлы құрылымы құрылуы тиіс. Қор мен компаниялар өз активтерінің құрылымын және ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарын барынша ықшамдатуға тырысуы тиіс» деп ұсынады.</p> <p>Қазіргі уақытта "2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысын, сондай-ақ осыған байланысты Мемлекеттік комиссияның қабылданған Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі және Қордың уәкілетті органдарының Қоғамды, оның ішінде Қоғам тобына кіретін компаниялардың периметрін сату тәсілі мен стратегиясын бекіту</p>

			<p>мәселесі бойынша шешімдерін орындау шеңберінде Қоғамды сату жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылатынын ескере отырып, Қоғамның компанияар тобының құрылымын өзгерту/ықшамдату, оның ішінде ЕТҮ-лардың ұйымдық-құқықтық нысанын ауыстыру жоспарланбайды.</p> <p>Сонымен қатар, Алматылық активтерге қатысты (АЖК, АлЭС, АЭС) «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» ҚРҰҚ 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысына 10.07.2019ж. өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес, аталған активтер Қоғамды жалпы сату үшін Қоғамның периметрінде сақтай отырып, жекешелендіруге жататын активтер тізімінен алып тасталынды.</p> <p>"Тегіс Мұнай" ЖШС-на қатысты "Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысындағы 2020 жылғы 07 тамыздағы өзгерістерге сәйкес актив Қоғам периметрінде сақтала отырып, жекешелендіруге жататын активтер тізімінен алып тасталды.</p> <p>Қоғам өз қызметін өзінің негізгі (бейінді) қызметі шеңберінде жүзеге асырады.</p>
5	<p>Үкімет Қор мен ұйымдарға толық операциялық дербестік береді және Қазақстан Республикасы Президентінің заңдарында, актілерінде және тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Үкімет пен мемлекеттік органдар тарапынан Қор мен ұйымдардың операциялық (ағымдағы) және инвестициялық қызметіне араласуға жол бермейді.</p> <p>Қор басқармасы, Қор Басқармасының төрағасы, ұйым органдары өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау және кез келген іс-әрекеттерді жүзеге асыру кезінде толық дербес және тәуелсіз.</p>	Сақталады	<p>2020 жылы және осы есепті бекіткен сәтке дейін Үкімет пен мемлекеттік органдар тарапынан Қоғамның операциялық қызметіне тікелей араласу фактілері болған жоқ. Стратегиялық мәселелер мен операциялық қызмет мәселелері бойынша барлық шешімдерді мемлекеттік бағдарламалық және нормативтік құжаттарды ескере отырып, Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасы дербес қабылдады.</p>
8	<p>Қордың немесе ұйымның инвестициялық қызметі Қордың немесе ұйымның стратегиясына сәйкес нарықтық қағидаттарға сай жүзеге асырылады және активтердің құнының өсуіне және оңтайлы құрылымына бағытталған. Жалғыз акционер ретінде Үкіметтің пайдасына таза табысты бөлу формалды және ашық дивидендтік саясат негізінде дивидендтер нысанында жүзеге асырылады.</p> <p>Қордың немесе ұйымның рентабельділігі төмен және әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру жағдайлары осындай жобаларды</p>	Сақталады	<p>Директорлар Кеңесі бекіткен "Самұрық-Энерго" АҚ-ның Даму стратегиясы мемлекет экономикасындағы Қоғам миссиясын орындау үшін іске асырылатын инвестициялық жобалардың портфелін қамтиды. Қоғамның инвестициялық қызметі туралы ақпарат жыл сайын Қоғамның жылдық есептерінде жазылады.</p> <p>Таза табысты Жалғыз акционердің пайдасына бөлу Қоғамның бекітілген дивидендтік саясатына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде дивидендтер нысанында жүзеге</p>

	қаржыландыру көздерін көрсете отырып, Қордың немесе ұйымның жылдық есебінде ашылуы тиіс.		асырылады. 2020 жылы Қоғам рентабельділігі төмен жобаларды іске асырмады. Қоғамның 2020 жылғы инвестициялық қызметі туралы ақпарат есепті жылдағы Біріктірілген жылдық есепте ашылатын және ұсынылатын болады.
14	<p>Қор мен ұйымдар жоғары этикалық стандарттарды ұстануы және осы стандарттарды Қордың және ұйымдардың барлық қызметкерлері мен әріптестерінің тұрақты қолдануын қамтамасыз ету үшін қажетті рәсімдерді енгізуі тиіс.</p> <p>Болжамды бұзушылықтар туралы хабарламалар тікелей ІАҚ немесе Қордың немесе ұйымның Директорлар кеңесіне жіберілуге тиіс. Қауіпсіздік қызметін қоса алғанда, атқарушы орган және оның барлық құрылымдық бөлімшелері болжамды бұзушылықтары туралы хабарламаларды ІАҚ-ға немесе Директорлар кеңесіне беруге кедергі келтірмеуге тиіс.</p>	Сақталады	<p>Қоғамның Директорлар кеңесінің 29.06.2018 ж. шешімімен Қоғам компаниялар тобы үшін бірыңғай корпоративтік стандарт ретінде мінез-құлық кодексі бекітілді, мұнда өзара қарым-қатынастың негізгі салаларын реттейтін барлық мүдделі тараптардың этикалық нормаларының құндылықтары, қағидаттары және мінез-құлық стандарттары белгіленді.</p> <p>Қоғамның барлық мүшелері лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері жоғары этикалық стандарттарды ұстанады, ережелермен танысқан және Тәртіп кодексінің талаптарын сақтайды. «Самұрық-Энерго» АҚ Бастамашылық ақпараттандыру саясатын іске асыру мақсатында Директорлар кеңесі орталықтандырылған "жедел желі" ұйымдастыру арқылы Қоғам саясаттарының бұзылуы туралы ақпаратты жинау және құпия қарау үшін тетіктің болуын қамтамасыз етті.</p> <p>Қоғамның "Комплаенс" қызметіне келіп түскен хабарламаларды жинауды, өңдеуді және жіберуді 2020 жылғы 10 маусымнан бастап «Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығы» ЖУ жүзеге асырады.</p> <p>2020 жылы "жедел желіге" жүгіну үшін байланыс арналарының саны кеңейтілді.</p> <p>Өтініштерді жіберу жолдары туралы ақпарат Қоғамның және ЕТҰ сайттарында, сондай-ақ Қоғамның ішкі порталында жарияланды.</p> <p>Кез келген ниет білдіруші орын алуы мүмкін заң бұзушылықтар туралы және т.б. ақпаратты жібере алады, ол ақпарат Қоғамның және "Самұрық-Қазына" АҚ-ның "Комплаенс" қызметіне тікелей түседі. Бұл ретте өтініш білдіргендердің құпиялылығына Бастамашылық ақпараттандыру саясаты кепілдік береді.</p> <p>"Жедел желінің" жұмыс істеуі туралы қажетті ақпараты бар стендтер Қоғамның әрбір еншілес ұйымындағы көрнекі орындарда екі тілде (қазақ, орыс тілдерінде) жарияланды.</p> <p>Бұдан басқа, компаниялар тобында Омбудсмен институты құрылды, оған Мінез-құлық кодексін және еңбек заңнамасын бұзу мәселелері</p>

			<p>бойынша жүгінуге болады. Директорлар кеңесі "Комплаенс" қызметінен түскен хабарламалар (шағымдар) және қабылданған шаралар туралы есептерді тоқсан сайын қарайды.</p> <p>Директорлар кеңесінің 16.02.2021ж. шешімімен (02/21 хаттама) бекітілген, 2020 жылғы Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл және кері байланыс тетігі жөніндегі есептілікке сәйкес компания тобы бойынша барлығы 46 өтініш пен шағым тіркелген, оның ішінде жедел желіге, омбудсменге, кәсіподаққа, бірінші басшыға және т. б. түскен хабарламалар бар.</p>
15	<p>Іскерлік этика қағидаттарын сақтау және әлеуметтік-еңбек сипатындағы Қорда және оның ұйымдарында туындаған дауларды оңтайлы реттеу мақсатында Омбудсмен тағайындалады.</p> <p>Омбудсмен лауазымына тағайындалатын тұлғаның мінсіз іскерлік беделі, жоғары беделі және әділ шешімдерді қабылдау мүмкіндігі болуы шарт.</p> <p>Омбудсмен Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және әрбір екі жыл сайын қайта сайлауға жатады.</p> <p>Омбудсмен өзіне жүгінген қызметкерлерге, еңбек дауларының, қақтығыстардың қатысушысына кеңес беріп, және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын (оның ішінде қажет болған жағдайда құпиялылықты) сақтай отырып қолайлы, сындарлы және оңтайлы шешім қабылдауына ықпал ету, сондай-ақ Қор мен ұйым қызметкерлеріне әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, қызметкерлердің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына жәрдемдесу болып табылады.</p> <p>Омбудсмен өзі анықтаған проблемалық, оның ішінде жүйелік сипатқа ие және тиісті шешімдерді (кешенді шараларды) қабылдауды талап ететін мәселелерді Қордың және/немесе оның ұйымдарының тиісті органдары мен лауазымды тұлғаларының қарауына енгізіп, оларды шешу үшін сындарлы ұсыныстар береді.</p> <p>Омбудсмен жылына кемінде бір рет белгіленген тәртіпте Қордың Директорлар кеңесінің Аудит комитетіне және Тағайындаулар мен сыйлықақы комитетіне жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы есеп береді.</p> <p>Қордың Директорлар кеңесі Омбудсменнің қызмет қорытындыларын бағалап, және омбудсмен лауазымындағы</p>	<p>Ішінара сақталады</p>	<p>Іскерлік этика қағидаттарын сақтау және Қоғамда туындаған әлеуметтік-еңбек сипатындағы дауларды оңтайлы реттеу мақсатында 2017 жылғы 16 маусымда Қоғамның Директорлар кеңесі «Самұрық-Энерго Жергілікті кәсіподағы» ҚБ-ның төрағасы, іскерлік беделі мінсіз, жоғары мәртебесі және әділ шешімдерді қабылдау мүмкіндігі бар тұлға - О.Т.Бекбасты Қоғамның Омбудсмені етіп сайлады және тағайындады (№07/17 хаттама). 2019 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23 тамыздағы (№07/19 хаттама) шешімімен О.Т. Бекбастың өкілеттігі 2020 жылғы 23 тамызға дейінгі мерзімге ұзартылды. Осы есеп бекітілген уақытта жаңа Омбудсмен кандидатыруасын сайлау туралы шешім қабылданған жоқ.</p> <p>2019 жылғы 15 наурызда Қоғамның омбудсмені туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) жаңа редакцияда бекітілді (№02/19 хаттама). Ережеде Омбудсменнің міндеттері, құқықтары мен атқаратын қызметі толық айқындалды. Қоғамның Директорлар кеңесінің а.ж. 25 қазандағы (№10/19 хаттама) шешімімен бекітілген Ережеге ЕТҰ Омбудсмендерінің Қоғамның Омбудсменіне қызметтік бағынуы бөлігінде өзгерістер енгізілді.</p> <p>Омбудсменнің 2020 жыл ішінде атқарған жұмысының нәтижелері туралы есептер Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасына бекітуге ұсынылды (09.07.2020 ж., 24.11.2020 ж.). Сондай-ақ Омбудсменнің қызметі туралы есеп қоғамның жыл сайынғы біріктірілген жылдық есебінде жарияланады.</p> <p>2020 жыл ішінде Директорлар кеңесінің, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің және Аудит жөніндегі комитеттің қарауына Омбудсменнің есептері енгізілмеді.</p>

	тұлғаның қызметін ұзарту немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды. Омбудсменнің жұмыс істеу орны, еңбек шарты Қор Басқармасының шешімімен белгіленеді.		
2-тарау. Қор мен ұйымдардың өзара ықпалдастығы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі			
1	Қордағы және ұйымдардағы корпоративтік басқару жүйесі олардың қызметін тиісінше басқаруды және бақылауды қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді құнның өсуіне және тұрақты дамуға бағытталған. Қор Ұлттық басқарушы холдинг ретінде өз компанияларына қатысты стратегиялық холдингтің рөлін атқарады. Корпоративтік басқару негізінде тиімділік, жеделділік және ашықтық болуы тиіс.	Сақталады	Қоғамның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің бағыттарын анықтайды, Қоғамның Даму стратегиясын және Даму жоспарын (бизнес-жоспар) бекітеді, оның ішінде акционердің үміттерін іске асыру үшін. Басқарма тоқсан сайынғы негізде Директорлар кеңесінің алдында есеп бере отырып, Стратегияның, даму жоспарларының іске асырылуын және бекітілген стратегиялық НҚК-ге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.
2	Қор мен ұйымдардың корпоративтік басқару жүйесі Қор мен ұйымдардың қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын, сондай-ақ атқарушы орган, Директорлар кеңесі, акционерлер мен мүдделі тараптар арасындағы өзара қатынастар жүйесін білдіреді. Органдардың құзыреті мен шешім қабылдау тәртібі айқындалған және жарғыда бекітілген.	Сақталады	Қоғамда корпоративтік басқару жүйесі: 1) мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтауды: Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын барлық мәселелерді Директорлар Кеңесінің тиісті мамандандырылған комитеттері мұқият қарайды; 2) Қоғамның Директорлар кеңесі, Басқарма, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің нақты ара жігін ажыратуды: органдардың құзыреттері, өкілеттіктері мен жауапкершілігі Жарғыда, Директорлар кеңесі мен Басқарма туралы ережелерде анықталған; Басқарма Төрағасының "Міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу туралы" бұйрығымен Қоғам Басқарма мүшелерінің жауапкершілік аймақтары нақты бөлінген; Қоғамның құрылымдық бөлімшелері өз қызметін Бөлімшелер туралы ережелердің негізінде жүзеге асырады; әрбір лауазымға лауазымдық нұсқаулықтар әзірленді. 3) Директорлар кеңесі мен Басқарманың уақтылы және сапалы шешімдерді қабылдауды; 4) заңнамаға және Директорлар кеңесі мен Басқарманың ішкі құжаттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.
3	Қор компаниялардың жарғыларында және осы Кодексте белгіленген тәртіппен акционердің функцияларын іске асыру арқылы, сондай-ақ Директорлар кеңесі арқылы компанияларды басқаруға қатысады.	Сақталады	"Самұрық-Қазына" АҚ Қоғамның жалғыз акционері бола отырып, Директорлар кеңесіне өз өкілдерінің қатысуы арқылы Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысады. Директорлар Кеңесінде акционердің екі өкілі бар, екі тәуелсіз

	<p>Қор жыл сайын Директорлар Кеңесінің Төрағасына және компанияның Директорлар кеңесіндегі Қордың өкілдеріне акционердің алдағы қаржы жылына күтуін жібереді.</p> <p>Компаниялардың Директорлар кеңестері Компанияның жарғысында белгіленген өз құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдауда толық дербес.</p> <p>Қордың жекелеген мәселелер бойынша ұстанымы Компанияның Директорлар Кеңесіндегі Қордың өкілдері арқылы жеткізіледі</p>		<p>директорлардың болуы сараланған, объективті және дербес шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді.</p> <p>Қордың ИСК туралы Ережеге сәйкес Директорлар Кеңесінің бекітуіне шығарылатын Қоғамның Даму стратегиясы мен Даму жоспарының (бизнес-жоспарының) жобалары Стратегия мен бизнес-жоспар жобалары бойынша түпкілікті ұсынымдар, оның ішінде стратегиялық НҚК тізбесін шығаратын Қордың ИСК қарайды. Бұл ретте, ИСК-ның жұмыс тиімділігін арттыру үшін ИСК-ға шығарылатын барлық мәселелерді Кросс функционалдық SCRUM командасы қарайды.</p>
4	<p>Қор компаниялармен жүргізілген талқылауларды ескере отырып, компаниялар үшін бірыңғай саясатты қалыптастырады, ұйымдарға арналған әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттарды бекітеді.</p> <p>Ұйымда ішкі аудит саласында және ішкі бақылау жүйесі саласында Қор бекіткен корпоративтік стандарттарын қолдану туралы шешімді Ұйымның Директорлар кеңесі аталған стандарттардың ұйым қызметінің ерекшелігіне сәйкестігін қамтамасыз етуді ескере отырып қабылдайды.</p>	Сақталады	<p>Қоғамның Директорлар кеңесі Қордың ішкі аудит және ішкі бақылау саласындағы «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік стандарттарына негізделген құжаттарды бекітеді: Ішкі бақылау жүйесі туралы ереже, Ішкі бақылау процесінің регламенті, Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі саясат және т.б. Қоғамның өзге ішкі құжаттары Қордың әдістемелік ұсынымдары мен корпоративтік стандарттарына сәйкес әзірленеді.</p>
6	<p>Акционер ретінде Қордың пайдасына таза табысты бөлу формальды және ашық дивидендтік саясат негізінде дивидендтер нысанында жүзеге асырылады.</p>	Сақталады	<p>Қоғам еншілес ұйымдарға қатысты "Самұрық-Қазына" АҚ дивидендтік саясатын басшылыққа алады. Дивидендтік саясат - дивидендтерді анықтау мен төлеудің барынша ашық рәсімдері қалыптасқан құжат. Акционерлерге дивидендтерден басқа, басқа да қайта бөлу көзделмеген.</p>
7	<p>Ұйымдарды басқаруды ұйым жарғысында белгіленген құзыреттер мен тәртіпке сәйкес ұйым органдары жүзеге асырады. Бұл қағида бірнеше акционерлері (қатысушылары) бар ұйымдарға да қолданылады.</p>	Сақталады	<p>Қоғамның органдары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жоғарғы орган - жалғыз акционер, 2) Басқару органы - Директорлар кеңесі, 3) Атқарушы алқалы орган – Қоғам Басқармасының төрағасы басқаратын Басқарма. <p>Әрбір органның және Директорлар кеңесі мен Басқарма төрағаларының құзыреті Қоғам Жарғысымен, сондай-ақ тиісті ережелермен белгіленген. Қоғам органдары функцияларының қайталануына жол берілмейді.</p>
8	<p>Қор, ұйымдар және олардың лауазымды тұлғалары тиісінше Қор мен ұйымдардың ұзақ мерзімді құнның өсуіне және тұрақты дамуына және қабылданатын шешімдер мен іс-</p>	Сақталады	<p>Қоғамның Даму стратегиясында стратегиялық мақсаттар, оның ішінде "Орнықты даму" акционерлік капиталының құнын арттыру", сондай-ақ оларға қол жеткізу индикаторлары айқындалған.</p>

	<p>әрекеттер/әрекетсіздік үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен жауапты болады.</p> <p>Қор мен ұйымдар, атқарушы орган қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі НҚК жүйесі болып табылады. Қор Директорлар кеңесіндегі өз өкілдері арқылы компанияларға НҚК бойынша өз болжалдарын жібереді. Компанияның НҚК тізбесі мен нысаналы мәнін Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді.</p> <p>ҚНҚ-ге қол жеткізу мақсатында компаниялар тиісті даму жоспарларын әзірлейді.</p> <p>Жыл сайынғы негізде бекітілген даму жоспарымен салыстырғанда Қор мен ұйымдардың НҚК-ға қол жеткізуін бағалау жүзеге асырылады. Бұл бағалау атқарушы органдардың басшысы мен мүшелерінің сыйақысына әсер етеді, оларды қайта сайлаған кезде назарға алынады, сондай-ақ оларды мерзімінен бұрын атқарып отырған лауазымынан шеттету үшін негіз бола алады.</p>		<p>Стратегияны іске асыру үшін Стратегияны тиімді іске асыруды қамтамасыз ететін Орта мерзімді даму жоспары әзірленді. Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау мотивациялық НҚК қолданыла отырып жүзеге асырылады, оларды орындау жауапкершілігі Директорлар кеңесінің шешімімен басшы қызметкердің нақты лауазымына бекітіледі, Қоғам қызметінің қаржылық-шаруашылық қызметінің тиімділігін және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу дәрежесін сипаттайтын мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізуге ықпал етеді. Көрсеткіштердің мәні Басқарма мүшелерінің сыйақысына әсер етеді, оларды қайта сайлаған кезде назарға алынады, сондай-ақ оларды мерзімінен бұрын атқарып отырған лауазымынан шеттету үшін негіз бола алады.</p>
9	<p>Холдинг компаниясының Директорлар кеңесі басқару тиімділігін, ұзақ мерзімді құнның өсуін және оның тобына кіретін барлық заңды тұлғаларда тұрақты дамуды қамтамасыз етуі тиіс. Холдинг компаниясы тобындағы тиімді басқару нәтижелері операциялық тиімділікті арттыру, есептілік сапасын жақсарту, корпоративтік мәдениет пен этиканың жақсартылған стандарттары, үлкен ашықтық пен айқындық, тәуекелдерді төмендету, ішкі бақылаудың тиісті жүйесі болуы тиіс.</p>	Сақталады	<p>Жарғыға сәйкес Қоғам Директорлар кеңесі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның бірыңғай даму стратегиясын бекітті, "Самұрық-Энерго" АҚ орнықты даму саласындағы нұсқаулықты бекітті, қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды, еншілес тәуелді ұйымдарды басқару мәселелерін реттейтін құжаттарды бекітеді, ЕТҰ-да лауазымды тұлғаларды тағайындауға қатысты саясатты әзірлейді. Қоғамда ЕТҰ-мен жұмыс істеу бойынша Регламент бекітілді, ол корпоративтік орталықтың өзара іс-қимылын және ЕТҰ ДК/БК жұмысын реттейді. ЕТҰ Жарғыларымен ЕТҰ органдарының өкілеттіктері мен құзыреттері шектелді. Қоғам барлық топ үшін қызметтің негізгі салаларындағы бірыңғай саясатты айқындайды, бұл ретте еншілес компаниялар дербес ұйымдар бола отырып, процестерді толықтыру/нақтылау мақсатында өзінің ІНҚ-ларын (жоспарлау, тәуекелдерді басқару, дам ресурстарын басқару, еңбек қорғау және т. б. саласында) әзірлей алады.</p>
3-тарау. Орнықты даму			
1	<p>Қор мен ұйымдар экономикаға, экологияға және қоғамға өз ықпалының маңыздылығын түсінеді және ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтыла отырып, мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің тұрақты дамуын</p>	Сақталады	<p>Даму стратегиясында стратегиялық мақсаттар айқындалған, оның ішінде "Орнықты даму", оның шеңберінде Қоғам қызметтің орнықты даму қағидаттарына сәйкестігіне, орнықты даму және ұзақ мерзімді перспективада экономикалық құн құру үшін өзінің экономикалық,</p>

	<p>қамтамасыз етуге тиіс. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі Қор мен ұйымдардың тұрақты дамуына ықпал ететін болады.</p>		<p>экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісілуіне бағытталған іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етеді. Қоғамның даму стратегиясын және Орнықты даму саласындағы Бастамашылдық жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында орнықты даму саласындағы маңызды мақсаттар мен міндеттерге, сондай-ақ белгіленген НҚК бойынша жоспарланған мәндерге және стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі іс-шараларға қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар көзделген.</p> <p>Қоғамның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылы компанияның дамуға, өз клиенттері мен қызметкерлерінің, партнерлер мен өнім берушілердің болашағына инвестиция салуға, қоғамның да, жергілікті қоғамдастықтардың да орнықты дамуын қамтамасыз етуге, қоғамның қатысу аумағы үшін маңызы бар салаларға инвестицияларды жүзеге асыруға, сыртқы және ішкі сын-қатерлерге барабар және икемді ден қою үшін барлық тұлғалармен өзара іс-қимылды дамытуға дайындығына негізделген.</p> <p>Қоғамда барлық мүдделі тараптармен тиімді коммуникацияларды құру мақсатында Коммуникациялық стратегия мен Ақпараттық саясат бекітілді, Қоғамның Стейкхолдерлер картасында өз көрінісін тапқан барлық мүдделі тараптар сәйкестендірілді. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары әзірленді және бекітілді.</p>
<p>2</p>	<p>Қор мен ұйымдар өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз ете отырып, ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтылуға және мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтауға тиіс. Орнықты даму саласындағы қызмет үздік халықаралық стандарттарға сәйкес болуы тиіс.</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Қоғамның Директорлар кеңесі "Самұрық-Энерго" АҚ орнықты даму саласындағы басшылықты бекітті, оған сәйкес Директорлар кеңесі орнықты даму саласындағы компаниялар тобы қызметінің жалпы қағидаттарын анықтайды, қайта қарайды және бекітеді, Орнықты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді. Қоғам орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асыра отырып, халықаралық стандарттардың үздік тәжірибелері мен ережелеріне сәйкес келуге ұмтылады. Қоғамда Стейкхолдерлер картасы және Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары бекітілді.</p>
<p>3</p>	<p>Қор мен ұйымдар ұзақ мерзімді кезеңде орнықты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісілуін қамтамасыз етуге тиіс, ол оның ішінде акционерлер мен инвесторлар үшін ұзақ мерзімді құнның өсуін қамтиды. Қор мен ұйымдағы тұрақты даму үш құрамдастан тұрады: экономикалық,</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Қоғамның Даму стратегиясында стратегиялық мақсаттар айқындалған, оның ішінде "Орнықты даму", оның шеңберінде Қоғам қызметтің орнықты даму қағидаттарына сәйкестігіне, орнықты даму және ұзақ мерзімді перспективада экономикалық құн құру үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының</p>

	<p>экологиялық және әлеуметтік.</p> <p>Экономикалық құрамдас бөлік Қор мен ұйымның қызметін ұзақ мерзімді құнның өсуіне, акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, неғұрлым жетілдірілген технологияларды құру мен дамытуға инвестициялардың өсуіне, еңбек өнімділігін арттыруға бағыттауы тиіс.</p> <p>Экологиялық құрамдас биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсер етуді барынша азайтуды, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық, энергия және материалдық үнемдеу технологияларын қолдануды, экологиялық қолайлы өнім жасауды, қалдықтарды барынша азайтуды, қайта өңдеуді және жоюды қамтамасыз етуге тиіс.</p> <p>Әлеуметтік құрамдас бөлік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағдарланған, олар өзгелердің қатарында мыналарды қамтиды: еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, әділ сыйақы және қызметкерлердің құқықтарын құрметтеу, персоналдың жеке дамуы, қызметкерлер үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу.</p> <p>Қор мен ұйымдар осы үш аспектілер бойынша өз қызметі мен тәуекелдеріне талдау жүргізуі, сондай-ақ өз қызметі нәтижелерінің мүдделі тараптарға теріс әсерін болдырмауға немесе төмендетуге ұмтылуы тиіс.</p>		<p>келісілуіне бағытталған іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қоғамда "Самұрық-Энерго" АҚ тұрақты даму саласындағы басшылық, 2023 жылға дейінгі орта мерзімді кезеңге құрылған Қоғамның тұрақты даму саласындағы бастамалар жоспары бекітілді. Жоспар бастамалары Қоғамның даму стратегиясына, Қоғамның Маңыздылық матрицасына, Тәуекелдер тіркеліміне және т.б. сүйене отырып қалыптастырылды және экономикалық, әлеуметтік және экологиялық құрамдас бөліктер саласындағы іс-шараларды қамтиды. Бұдан басқа, Іс-шаралар жоспарында орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асырудың тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін қызметтің негізгі көрсеткіштері көзделген.</p> <p>Қоғам Басқармасы ішкі және сыртқы ахуалдың үш құрамдас бөлігі: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бойынша мұқият, терең және ойластырылған талдауын қамтамасыз етеді, оның негізінде Директорлар кеңесі белгілеген мақсаттарды, міндеттерді іске асыру және индикаторларға қол жеткізу үшін тиісті жоспарларды, бағдарламаларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.</p> <p>Сондай-ақ Қоғам жыл сайын орнықты дамудың үш аспектісі бойынша тәуекелдерді іске асыруға жол бермеу үшін алдын алу және реактивті іс-шаралар көзделген Тәуекелдер тізілімі мен картасын бекітеді.</p>
4	<p>Тұрақты даму саласындағы қағидаттар ашықтық, есептілік, айқындылық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу, жеке мысал болып табылады.</p>	Сақталады	<p>"Самұрық-Энерго" АҚ-ның Орнықты даму саласындағы нұсқаулыққа сәйкес тұрақты даму саласындағы қағидаттар: мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, адам құқықтарын сақтау, ашықтық, есеп берушілік, айқындылық, заңдылық, әдеп мінез-құлық, жеке мысал, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу, жыныстық қудалауға жол бермеу және т. б. болып табылады.</p>
5	<p>Компанияда орнықты даму саласындағы басқару жүйесі құрылуы тиіс, ол мынадай элементтерді қамтиды, бірақ онымен шектелмейді:</p> <p>1) Директорлар кеңесі, атқарушы орган және қызметкерлер деңгейінде орнықты даму қағидаттарына бейілділік;</p>	Сақталады	<p>Директорлар кеңесі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Орнықты даму саласындағы басшылығын бекітті, ол мына элементтерді қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Орнықты даму саласындағы саясат; 2) Орнықты даму саласындағы қағидаттар; 3) Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы

	<p>2) үш құрамдас бөлік бойынша ішкі және сыртқы жағдайды талдау (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер);</p> <p>3) әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы орнықты даму саласындағы тәуекелдерді айқындау;</p> <p>4) мүдделі тараптардың картасын құру;</p> <p>5) орнықты даму саласындағы мақсаттар мен НҚК анықтау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды айқындау;</p> <p>6) тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адам ресурстарын басқаруды, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда, негізгі процестерге, сондай-ақ даму стратегиясы мен шешімдер қабылдау процестеріне орнықты дамуды ықпалдастыру;</p> <p>7) орнықты даму саласындағы лауазымды тұлғалардың және қызметкерлердің біліктілігін арттыру;</p> <p>8) орнықты даму саласындағы іс-шараларды тұрақты мониторингілеу және бағалау, мақсаттарға және НҚК-ға қол жеткізуді бағалау, түзету шараларын қабылдау, тұрақты жақсартулар мәдениетін енгізу.</p> <p>Компанияның Директорлар кеңесі мен атқарушы органы орнықты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етуі тиіс.</p> <p>Барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар барлық деңгейдегі тұрақты дамуға үлес қосады.</p> <p>Холдинг компаниялары бүкіл топта орнықты даму қағидаттарын енгізу үшін жауап береді</p>	<p>тұрақты даму саласындағы тәуекелдер;</p> <p>4) Іс-шараларды/НҚК-ларды, мерзімдер мен жауапты бөлімшелерді айқындай отырып, орнықты даму саласындағы Бастамалар жоспары;</p> <p>5) Орнықты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер;</p> <p>6) Тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адам ресурстарын басқаруды, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда, негізгі процестерге, сондай-ақ даму стратегиясы мен шешімдер қабылдау процестеріне орнықты дамуды ықпалдастыру;</p> <p>7) Орнықты даму саласындағы бастамалар жоспарын мониторингілеу және орындау;</p> <p>8) Корпоративтік коммуникация саясаты;</p> <p>9) Мүдделі тараптардың картасы;</p> <p>10) Маңыздылық матрицасы;</p> <p>11) Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары;</p> <p>12) Шағымдар мен ұсыныстарды беру және қарау тетігі;</p> <p>13) 2020 жылдың 4 тоқсанында қызметкерлердің барлық санаттары үшін "Самұрық-Энерго" АҚ компаниялар тобына тұрақты даму жүйесін енгізу" атты тақырыбында ішкі корпоративтік оқыту өткізілді. 2019 жылдың желтоқсанында Қоғамның орнықты даму нұсқаларын сыни бағалау және талқылау мақсатында Басқарма мүшелерінің қатысуымен арнайы сессия өткізілді</p> <p>Басқарма Директорлар кеңесі айқындаған орнықты даму саласындағы мақсаттарды, міндеттерді іске асыруды және индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар барлық деңгейдегі орнықты дамуға үлес қосады.</p> <p>Басшылықтың әрекет ету саласы Қоғамға және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 100% меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қоғамға тиесілі еншілес және тәуелді ұйымдарға қолданылады, сондай-ақ 100%-дан кем дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) Қоғамға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі еншілес және тәуелді ұйымдарға, мердігерлік ұйымдарға, инвесторларға, Қоғамның серіктестеріне және басқа да мүдделі тараптарға басшылық етуге ұсынылады.</p>
6	Компания қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге	Сақталады Мүдделі тараптар үшін орнықты даму саласындағы өз қызметінің

	де құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, мүдделі тараптар үшін өз қызметінің айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында орнықты даму саласындағы есептілікті жыл сайын жариялайды. Орнықты даму саласындағы есептілікті Директорлар кеңесі бекітеді.		ашықтығын қамтамасыз ету үшін Қоғам жыл сайын Біріктірілген жылдық есепті (бұдан әрі – Жылдық есеп) әзірлейді және жариялайды. Жылдық есепті әзірлеу кезінде қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қорғау қамтамасыз етіледі. Жылдық есеп Қоғамның бір жыл ішіндегі қызметінің қорытындылары бойынша шоғырландырылған ақпаратты, сондай-ақ Қоғам қызметінің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерін қоса алғанда, орнықты даму жөніндегі және сыртқы және ішкі мүдделі тараптардың пікірі бойынша Қоғамның есепті кезеңдегі Маңыздылық матрицасында барынша маңызды болып айқындалған ақпаратты білдіреді. Жылдық есепті дайындау кезінде Қоғам жалпы қабылданған халықаралық стандарттарды басшылыққа алады: Global Reporting Initiative (GRI) орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі стандарттар; AA1000 сериялы стандарттар, сондай-ақ ХКЕС. Директорлар кеңесі Жылдық есепті бекітеді (Директорлар кеңесінің 05.08.2020, № 07/20 хаттамасы) және мүдделі тараптардың назарына корпоративтік веб-сайтта орналастыру және қағаз және электронды тасығыштарда ұсыну арқылы жеткізіледі.
7	Компания серіктестердің орнықты даму қағидаттарын қолдануға ынталандыруға және ықпал етуге ұмтылуы тиіс.	Сақталады	Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің өнім берушілермен үлгі шарттарға Қазақстан Республикасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, адам құқықтары, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтау талаптары енгізілген, бұдан басқа Қоғам компаниялары объектілерінде жұмыс істеу және оның аумағына кіру кезінде еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты қорғау, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Қоғамның ішкі ережелерін сақтау талаптары енгізілген.
4-тарау. Акционерлердің құқықтары және акционерлерге деген әділ қатынас			
1	Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтарын сақтау Қорға және ұйымдарға инвестициялар тарту үшін негізгі шарт болып табылады. Ұйым акционерлердің (қатысушылардың) құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуі тиіс. Ұйымда бірнеше акционерлер (қатысушылар) болған кезде олардың әрқайсысына әділ қатынас қамтамасыз етілуі тиіс.	Сақталады	Акционер ұйым ақпаратының құпиялылығы және ашылуы талаптарын ескере отырып, тиісті шешім қабылдау үшін қажетті Қоғам туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар. Қоғамның ІНҚ-да (Қордың ЕТҰ-мен жұмыс істеу бойынша регламент, Ақпараттық қауіпсіздік саясаты, Ақпараттық саясат) ақпаратты беру және Қордың МҚБ тікелей сұраулары бойынша тәртіп айқындалған.

2	<p>Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары, міндеттері мен құзыреті қолданыстағы заңнамаға, құрылтай құжаттарына сәйкес анықталады және оларға бекітіледі. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасында, Ұйымның Жарғысында және ақпаратты ашу саласындағы ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты уақтылы алумен; акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысына қатысумен және өз құзыретіндегі мәселелер бойынша дауыс берумен қамтылады, бірақ олармен шектелмейді.; Директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесі мен атқарушы органның) сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауға, оның мүшелерін сайлауға және олардың өкілеттіктерін тоқтатуға, сондай-ақ сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындауға қатысуға; айқын және ашық дивидендтік саясат негізінде акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының шешімімен айқындалатын мөлшерде және мерзімде дивидендтер алуға құқығы бар.</p>	Сақталады	<p>Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционері мыналарға:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ҚР заңнамаларында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға; 2) дивидендтер алуға; 3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционер және/немесе осы Жарғы белгілеген тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға; 4) Қоғамның орталық депозитарийінен немесе оның номинал ұстаушысынан бағалы қағаздарға өзінің меншік құқығын растайтын үзінді алуға; 5) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға; 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға; 7) сұрауда белгіленген мерзімде немесе сұрауды алған сәттен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей Қоғамның үлестес ұйымдарға қатысты қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты алуға; 8) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін иеленуге; 9) ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіппен акцияларды немесе Қоғамның оның акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға; 10) ҚР заңнамаларына сәйкес Жалғыз акционердің қарауына енгізу үшін Директорлар кеңесіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға; 11) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге; 12) аудиторлық ұйымның өз есебінен Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге; 13) Қоғамға оның қызметіне қатысты жазбаша сұрау салуға және сұрауда белгіленген мерзімде немесе сұрауды алған сәттен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей уәжді жауап алуға; 14) ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіппен өз құқықтарының бұзылғаны үшін өтемақы алуға; 15) Қоғам өкілдерімен Жалғыз акционердің негізгі құқықтарының сақталуы мен корпоративтік басқару саясаты мәселелерін талқылауға; 16) ҚР заңнамаларында көзделген жағдайларда өз атынан Қоғамның
---	---	-----------	--

			лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірген шығынын Қоғамға өтеу туралы және Қоғамның лауазымды тұлғалары мен (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле жасау (қорытындыға ұсыныс беру) туралы шешім қабылдауы нәтижесінде олардың алған пайдасын (табысын) қайтаруды талап ете отырып, сот органдарына жүгінуге құқылы.
5-тарау. Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі			
1	<p>Директорлар кеңесі ұйымның стратегиялық басқаруын және атқарушы органның қызметін бақылауды қамтамасыз ететін акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі осы Кодекстің барлық ережелерін енгізуді қамтамасыз етеді.</p> <p>Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді, ұйымның күнделікті қызметіне басшылық жүзеге асырады және оның стратегияға, даму жоспарына және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.</p> <p>Директорлар кеңесі мен атқарушы орган ынтымақтастық рухында өзара іс-қимыл жасауға, ұйымның мүддесінде іс-қимыл жасауға және орнықты даму қағидаттары мен барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас негізінде шешімдер қабылдауға тиіс.</p> <p>Директорлар кеңесі мен атқарушы орган ұзақ мерзімді құнның өсуін және Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз етуі тиіс.</p>	Сақталады	Жарғыға және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге есеп беретін Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жүзеге асыратын басқару органы болып табылады. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді, күн сайынғы қызметке басшылық жүзеге асырады және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған стратегияның, даму жоспарының және шешімдердің іске асырылуын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі мен Басқарма ынтымақтастық рухында өзара іс-қимыл жасайды, ұйымның мүддесінде әрекет етеді және тұрақты даму қағидаттары мен акционерге әділ көзқарас негізінде шешімдер қабылдайды.
2	<p>Директорлар кеңесіне ұйымды басқару және атқарушы органның қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттіктер берілуі тиіс.</p> <p>Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес өз функцияларды орындайды және келесі мәселелерге ерекше көңіл бөледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) даму стратегиясын айқындауға (бағыттары мен нәтижелері); 2) даму жоспары негізгі қызмет көрсеткіштерін қою және мониторингілеуге; 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыруға және қадағалауға; 4) Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі Стратегиялық жобаларды тиімді іске асыруды бекітуге және мониторингілеуге; 	Сақталады	<p>Қоғам Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу; 2) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту, сонымен қатар Қоғамның даму стратегиясының, Қоғамның даму жоспарының (бизнес-жоспарының) іске асырылуына мониторинг жүргізу; 3) Қоғамның даму жоспарында (бизнес-жоспарында) жоспарланған кезеңнің бірінші күнтізбелік жылына арналған бюджетін бекіту, сондай-ақ оны қалыптастыру, бекіту, түзету және орындалуына мониторинг жүргізу процестерін реттеу; 4) Қоғам Басқармасының мүшелері, Қоғамның Корпоративтік

	<p>5) атқарушы органның басшысы мен мүшелерін сайлау, сыйақы беру, сабақтастықты жоспарлауға және қызметін қадағалауға;</p> <p>6) корпоративтік басқару мен әдепке;</p> <p>7) ұйымда Кодекстің және Қордың іскерлік этика саласындағы корпоративтік стандарттарының (Іскерлік этика кодексінің) ережелерін сақтау.</p>	<p>хатшысы (Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақы комитетінің ұсынымдары бойынша), Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен қызметкерлері және олардың мақсатты мәні (Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит комитетінің ұсынымдары бойынша), сондай-ақ олардың жетістіктеріне мониторинг жүргізу үшін ынталандырушы негізгі қызмет көрсеткіштерін бекіту;</p> <p>11) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, Басқарма мүшелерін сайлау және олардың (Басқарма Төрағасын қоспағанда) өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;</p> <p>12) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын белгілеу, олардың қызметін бағалау;</p> <p>13) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық сипаттамаларын бекіту;</p> <p>14) Қоғам Басқармасы туралы ережені бекіту;</p> <p>25) Қоғамның корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның корпоративті басқару жүйесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту немесе Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыретіне кіретін Қоғамның корпоративті басқару мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау; 29) Қоғамның Іскерлік этика кодексін бекіту, сондай-ақ оның ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;</p> <p>30) Қоғамның тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;</p> <p>32) Қоғамның сыртқы аудит жөніндегі саясатын бекіту;</p> <p>33) Орнықты даму саласындағы құжаттарды, орнықты даму саласындағы есеп пен іс-шаралар жоспарын бекіту;</p> <p>34) Қоғамның экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы саясатын бекіту;</p> <p>41) Қоғамның жалпы тәуекелге тәбетін, Қоғамның әрбір негізгі тәуекеліне қатысты төзімділік деңгейін бекіту, қабылдайтын тәуекелдердің деңгейін шектеу үшін шектелімдер белгілеу және негізгі тәуекелдер көрсеткішін бекіту;</p> <p>42) Қоғам тәуекелдерінің тіркелімі мен тәуекелдер картасын бекіту;</p> <p>43) Қоғамның меншікті капиталының он және одан артық пайызын</p>
--	--	---

		<p>құрайтын шамаға қатысты міндеттемелерін ұлғайту;</p> <p>44) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның Даму стратегиясының, Даму жоспарының орындалуы мен іске асырылуы, Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуі және олардың мақсатты мәндері, Қоғамның негізгі тәуекелдері мен оларды басқару тиімділігі туралы басқару есептілігін ұсыну тәртібін мен нысандарын бекіту;</p> <p>53) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Қоғамның Басқарма мүшелерімен және Қоғамның өзге де қызметкерлерінің сабақтастықты жоспарлау бағдарламаларын бекіту;</p> <p>55) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алуы (иелігінен алуы) туралы шешім қабылдау;</p> <p>56) Қоғамның басқа ұйымдарды құруға қатысу туралы шешім қабылдауы;</p> <p>58-10) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға не олардың қызметіне немесе өзге заңды тұлғаларды акционерлер (қатысушылар) құрамынан шығаруға қатысуы;</p> <p>60) ірі мәмілелер мен шешімдер қабылдау ҚР заңнамасымен немесе осы Жарғымен Қоғамның Жалғыз акционерінің немесе Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның мүддесі бар мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау. Құны Қоғам активтерінің жиынтық баланстық құнының он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы ірі мәміле деп танылады;</p> <p>66) Қоғам бөлімшелерінің Қоғамның негізгі тәуекелдерінің сипаттамасынан және оларға жасалған талдаудан, сонымен қатар Қоғамның тәуекелдерін мейлінше азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру жөніндегі мәліметтерден тұратын тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерін тоқсан сайын қарау;</p> <p>67) Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту;</p>
--	--	---

			71) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғам қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде қаржылық ақпаратты алу тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;
3	Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін тиісті түрде орындауы және ұзақ мерзімді құнның өсуін және ұйымның тұрақты дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесі акционерлерге есеп береді. Бұл есеп берушілік акционерлердің жалпы жиналысының тетігі арқылы іске асырылады.	Сақталады	Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес Жалғыз акционердің өз құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдері Директорлар кеңесі үшін міндетті болып табылады. Директорлар кеңесі жыл сайын Қоғамның өткен жылғы Біріктірілген жылдық есебі аясында ақпарат ұсыну арқылы өз қызметі туралы есеп береді. Директорлар кеңесінің Жылдық есебінде атқарылған жұмыс туралы төмендегідей ақпарат көрсетіледі: 1) Директорлар кеңесінің құрамы, тәуелсіз директорларды, Басқарма Төрағасын және комитеттер мүшелерін іріктеу критерийлері; 2) әрбір директор туралы ақпарат; 3) Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының саны, сондай-ақ әрбір директордың отырыстарға қатысуы туралы; 4) комитеттердің олардың функцияларын орындауы жөніндегі жұмысы туралы есеп; 5) Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысы туралы ақпарат; 6) Қоғамның ұстанымын және оның даму перспективаларын бағалау; 7) Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу процесі; 8) Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру туралы ақпарат және т.б.
4	Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде ұйым мүддесінде және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталуы тиіс.	Сақталады	Қоғамның Директорлар кеңесі алты мүшеден құралған, олардың екеуі-тәуелсіз директор: А. Сторзел, Хоакин Галиндо Велез. Тәуелсіз директорлар қаржы, бухгалтерлік есеп, аудит, инженерия, стратегиялық басқару, энергетика, оның ішінде жасыл энергетиканы дамыту саласындағы мамандар болып табылады. Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы Қоғам мүдделеріне сәйкес келетін тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдаудың кепілі болып табылады. Тәуелсіз директорлар Қоғамда үздік әлемдік практика стандарттарын қолдану үшін халықаралық тәжірибесімен және білімімен белсенді түрде бөліседі. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің комитеттерін басқарады. Сонда-ақ, 2019 жылы Директорлар кеңесінің құрамында А. Жамиев сайланды, ол - құқық саласында терең білімі бар акционердің өкілі.

			Директорлар кеңесінің төрағасы - мінсіз беделге ие, стратегиялық және корпоративтік басқаруда қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі бар, Жалғыз акционермен коммуникацияның уақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін Б. Қарымсақов (Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің пікірі бойынша) болып табылады.
5	Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибе, жеке мінездемелер және гендерлік құрам бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің құрамына қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде тәуелсіз директорлар кіруі тиіс. Компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызын құрайды	Ішінара сақталады	Директорлар Кеңесінде гендерлік құрамы бойынша әртүрлілік жоқ.
6	Акционерлердің жалпы жиналысы үміткерлердің құзыретін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және анық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлаған кезде олардың Ұйымның директорлар Кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады. Қорға тиесілі компанияларда барлық дауыс беретін акцияларының Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау процесіне қатысты мынадай ерекшеліктер бар: 1) Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен сайланады; егер Директорлар кеңесінің төрағасы Қордың өкілдері арасынан сайланса, Директорлар кеңесі тәуелсіз директорлар қатарынан аға тәуелсіз директорды сайлайды; 2) Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді іздеу және іріктеу процесін Қор Директорлар кеңесінің төрағасымен және Компанияның Директорлар кеңесінің тағайындау және сыйақылар жөніндегі Комитетінің төрағасымен бірлесіп жүзеге асырады. Үкімет мүшелерінің, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының Ұйымның директорлар кеңесінің құрамына қатысуына жол берілмейді. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл	Сақталады	Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жатады. Директорлар кеңесінің мүшесі жеке тұлға ғана бола алады. 2019 жылы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып Акционер өкілі - Б. Қарымсақов тағайындалды; Андреас Сторзел - аға тәуелсіз директор, 2020 жылғы 5 тамызда сайланды. Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес мүшелер 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен, қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда, тағы да 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 (алты) жылдан артық мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, 2 (екі) үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарауға жатады. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 9 (тоғыз) жылдан астам сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда 9 (тоғыз) жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді. Бірде-бір тұлға өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.

	<p>Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді және акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау жөнінде шешім қабылдаған сәтте аяқталады.</p> <p>Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы да үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін.</p> <p>Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан артық мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарауға жатады.</p> <p>Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне тоғыз жылдан астам қатарынан сайлана алмайды. Айрықша жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлануға жол беріледі, тәуелсіз директорды Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттігі және осы фактордың шешім қабылдау тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып жүргізілуі тиіс.</p> <p>Бірде-бір тұлға өзін тағайындауға, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауы тиіс.</p>		<p>Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында Үкімет пен мемлекеттік органдардың өкілдері жоқ.</p>
7	<p>Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.</p>	Сақталады	<p>Қоғамда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасы жұмыс істейді. Бұдан басқа, осы бағдарламаның орындалуын мониторингілеу тетігін енгізу мақсатында 2016 жылы ол осы рәсімді формалдау бөлігінде өзектілендірілді. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері (Жамиев А. К., Карымсаков Б. Е.) лауазымына енгізу бағдарламасын өткізуді қамтамасыз етті.</p> <p>Директорлар Кеңесінің барлық мүшелері үшін 2020 жылға арналған оқу жоспары әзірленді және бекітілді.</p>
8	<p>Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасауға жауап береді, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесінің мүшелері, ірі акционерлер мен атқарушы орган арасында сындарлы диалог құруды қамтамасыз етеді.</p>	Сақталады	<p>Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасауға жауап береді, Директорлар Кеңесінің оның негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және директорлар кеңесінің мүшелері, акционер және басқарма арасында сындарлы диалог құруды қамтамасыз етеді.</p> <p>Директорлар кеңесінің төрағасы:</p>

			<p>- Директорлар кеңесіне басшылық жасауға жауапты, оның жауапкершілік саласының барлық аспектілері бойынша тиімді қызметін қамтамасыз етеді, акционермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді;</p> <p>- акционермен тиісті диалогты қамтамасыз етуге жауапты;</p> <p>- Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар Кеңесінің қызметіне тиімді үлесін және Директорлар кеңесі мүшелері мен басқарма арасындағы сындарлы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді;</p> <p>- акционермен тиімді өзара іс-қимылды, сондай-ақ акционердің көзқарасын жалпы Директорлар кеңесіне жеткізуді қамтамасыз етеді.</p>
9	<p>Директорлар Кеңесі төрағасының және атқарушы орган басшысының рөлі мен функциялары ұйымның жарғысында, Директорлар кеңесі мен атқарушы орган туралы ережелерде нақты ажыратылуы және бекітілуі тиіс.</p>	Сақталады	<p>Директорлар Кеңесі төрағасының және атқарушы орган басшысының рөлі мен функциялары Жарғымен, Директорлар кеңесі туралы ережемен және Қоғам Басқармасы туралы Ережемен нақты шектеледі.</p>
10	<p>Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы белгілеу деңгейі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін ұйымды табысты түрде басқару мақсатында талап етілетін деңгейде жұмысқа тарту, ұстап қалу және уәждеу үшін жеткілікті болуға тиіс. Ұйымның директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы белгілеу Қор әзірлейтін әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте осы тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан ұйым үшін күтілетін оң әсер назарға алынуға тиіс. Бірнеше акционерлері бар ұйымдарда Директорлар кеңесінің Мүшелеріне сыйақы берудің тиісті қағидалары Қордың әдіснамасы негізінде әзірленеді және акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі. Ұйымның директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті тәуелсіз директорларға кандидаттарға сыйақы мөлшері жөнінде ұсыныстар енгізеді. Ешбір лауазымды тұлға өзінің сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауы тиіс.</p>	Сақталады	<p>Сыйақы тек тәуелсіз директорларға төленеді және келесі компоненттерден тұрады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - белгіленген сыйақы - Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы <p>Тәуелсіз директор есепті кезеңде Директорлар Кеңесінің барлық өткізілген күндізгі және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда (дәлелді себептерсіз) белгіленген сыйақы төленбейді.</p> <p>Директорлар кеңесінің мүшесіне Директорлар кеңесінің отырыстарына барумен байланысты шығыстар да өтеледі.</p> <p>Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитеті туралы Ережеге сәйкес Комитет директорларға сыйақы беру саясатының деңгейі мен тиімділігіне салыстырмалы талдау жүргізеді және Директорлар кеңесіне ұсыныстар береді. Бірде-бір тұлға өзінің сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.</p>

11	<p>Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің құзыретіне енетін мәселелерді терең және мұқият қарауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға, әсіресе аудит, тәуекелдерді басқару, Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережелерін тиісті және тиімді қолдануға, Директорлар кеңесі мен атқарушы органның мүшелерін тағайындау және сыйақы беруге, орнықты дамуға, соның ішінде еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздігі сияқты бағыттар бойынша ықпал етеді. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды</p>	Сақталады	<p>Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін барлық мәселелерді мамандандырылған Комитеттер алдын ала мұқият қарайды. Директорлар кеңесінің комитеттері консультативтік-кеңесші органдар болып табылады, Комитеттер әзірлеген барлық ұсыныстар ұсынымдар болып табылады. Директорлар кеңесі шығарылатын мәселелер бойынша ақырғы шешім қабылдайды, Директорлар кеңесінің мүшелері өздері қабылдаған шешімдер үшін жауапты болады.</p> <p>Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қоғам "Самұрық-Қазына"АҚ Директорлар Кеңесі бекіткен Қордың сатып алу ережелерін басшылыққа алады. Директорлар кеңесінің жанында 4 комитет құрылды және жұмыс істейді: Аудит комитеті – 2020 жылы 8 отырыс өткізілді, 66 мәселе қаралды; Стратегиялық жоспарлау комитеті – 2020 жылы 8 отырыс өткізілді, 43 мәселе қаралды; Тағайындау және сыйақылар комитеті – 2020 жылы 9 отырыс өткізілді, 45 мәселе қаралды; Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау комитеті – 2020 жылы 4 отырыс өткізіліп, 7 мәселе қаралды.</p>
12	<p>Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу оның қызметінің барынша нәтижелілігіне ықпал етуі тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін орындау үшін толық, өзекті және уақтылы ақпаратқа қол жеткізуі тиіс.</p> <p>Директорлар кеңесі өз функцияларын тиімді орындау үшін тұрақты отырыстар өткізеді. Директорлар Кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын өткізу тікелей немесе сырттай дауыс беру нысандары арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте сырттай дауыс беру нысаны бойынша отырыстардың саны барынша азайтылуға тиіс. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау Директорлар кеңесінің дауыс берудің тікелей нысаны бойынша отырыстарында ғана жүзеге асырылады. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырысының екі нысаны үйлесуі мүмкін.</p> <p>Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын талқылау қорытындылары мен қабылданған шешімдерді толық</p>	Сақталады	<p>Директорлар кеңесі алдағы жылға арналған отырыстарды өткізудің болжамды күнін көрсете отырып, жұмыс жоспарын бекітеді. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің барлық отырыстары толық хаттамалайды.</p> <p>Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің алдағы отырысының мәселелері бойынша материалдар мен ақпаратты алдын ала (отырыс басталғанға дейін 10 күн бұрын) Директорлар Кеңесінің мүшелеріне жібереді.</p> <p>Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне материалдарды ұсыну мерзімдері бұзылып берілген мәселелер енгізілмейді. Күн тәртібіне мерзімі бұзылған мәселелер енгізілген жағдайда, Директорлар Кеңесінің төрағасына осы қажеттіліктің толық негіздемесі ұсынылады.</p> <p>2020 жыл ішінде Директорлар кеңесінің отырысы кезінде күн тәртібіне қосымша мәселе енгізудің бірлі-жарым жағдайы болды. Бұл ретте Директорлар Кеңесінің Төрағасына және барлық мүшелеріне қосымша мәселені қарау қажеттілігінің толық негіздемесі ұсынылды.</p>

	көлемде көрсете отырып, корпоративтік хатшы тиісті түрде хаттамалайды.		
13	Директорлар кеңесі, комитеттер және Директорлар кеңесінің мүшелері жыл сайынғы негізде ұйымның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық процесі аясында бағалануы тиіс. Бұл процесс Қордың әдістемесіне сәйкес болуы керек. Сонымен қатар, бағалау кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымның қатысуымен өткізіледі.	Ішінара сақталады	"Самұрық-Қазына" АҚ әдіснамасы негізінде әзірленген Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар Кеңесі Төрағасының, мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау әдістемесіне сәйкес есепті кезеңде Директорлар Кеңесінің қызметіне бағалау жүргізіледі. 2018 жылы Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес сыртқы аудиторлық ұйым тәуелсіз бағалау жүргізді. Директорлар кеңесінің 2019 жылғы қызметін бағалау "Самұрық-Қазына" АҚ жоспарлаған корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасына байланысты жүзеге асырылған жоқ. Алайда, Қордың 17.09.2020 ж. (№20-07-50.8/5050) хатына сәйкес корпоративтік басқару диагностикасы 2021 жылға ауыстырылды. Осыған байланысты, 2019-2020 жылдардағы қызметті өзін-өзі бағалау 2021 жылғы 1-тоқсанда жүргізілетін болады. Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелері негізінде қоғамды басқару процесін жетілдіру жөніндегі шаралар жүзеге асырылады. Сондай-ақ бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерін қайта сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады
14	Бағалау Директорлар кеңесі мен оның әрбір мүшесінің ұйымның ұзақ мерзімді құндылығы мен тұрақты дамуының өсуіне қосқан үлесін анықтауға, сонымен қатар бағыттарды анықтауға және жақсарту бойынша шараларды ұсынуға мүмкіндік береді. Бағалау нәтижелері қайта сайланғанда немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде ескеріледі.	Сақталады	
15	Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру және Директорлар кеңесінің, атқарушы органның акционерлермен өзара іс-қимыл жасауы мақсатында Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшыны тағайындайды. Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттіктерінің мерзімін, функциялары мен қызмет тәртібін, жалақы мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын анықтайды, корпоративтік хатшының қызметін (хатшылықты) құру туралы шешім қабылдайды және көрсетілген қызметтің бюджетін анықтайды. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі алдында есеп береді және атқарушы органнан тәуелсіз. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесі, Жалғыз акционердің тарапынан уақытылы және сапалы корпоративтік шешімдердің қабылдануына жәрдемдесу, Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне қатысты барлық мәселелер және осы Кодекстің ережелерін қолдану бойынша	Сақталады	Жарғыға және ішкі құжаттарға сәйкес, Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттік мерзімін, функциялары мен тәртібін, жалақы мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын белгілейді. Корпоративтік хатшы толықтай Директорлар кеңесіне толық есеп береді. Қоғам Корпоративтік хатшысы 2009 жылы тағайындалды, Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының дайындығы мен өткізілуіне бақылау жасайды, Директорлар кеңесі отырысына материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оларға қол жетімділіктің қамтамасыз етілуін бақылайды. Корпоративтік хатшының өз функцияларын орындау мақсатында Қоғамда Корпоративтік хатшы қызметі құрылды. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері - Директорлар кеңесі, Жалғыз акционердің уақытылы және сапалы корпоративтік шешімдер қабылдауына жәрдемдесу және олардың қызметіне қатысты барлық мәселелер бойынша Директорлар кеңесі

	кеңесші рөлін атқару, сонымен қатар осы Кодекстің орындалуын бақылау және корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысу болып табылады. Корпоративтік хатшы сонымен қатар жылдық есепте қамтылған осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті дайындайды. Осы есеп сақталмау себептеріне тиісті түсіндірмелер келтіріле отырып, Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің тізбесінен тұруы тиіс.		мүшелерінің кеңесшісі болу. Корпоративтік хатшы туралы ережеге сәйкес Корпоративтік хатшының функционалдық міндеттеріне Корпоративтік басқару кодексінің орындалуын бақылау, корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысу, Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп дайындау, Жылдық есепке енетін міндеттер кіреді.
16	Компанияларда алқалық атқарушы орган құрылады, ал қалған басқа ұйымдарда, сондай-ақ бірлескен кәсіпорын құрған жағдайда ол акционерлердің қалауы бойынша алқалы немесе жеке-дара бола алады. Атқарушы органның басшысы мен мүшелері жоғары кәсіби және жеке қасиеттерге ие, сонымен қатар мінсіз іскерлік беделге ие болуы және жоғары этикалық нормаларды ұстануы керек.	Сақталады	Басқарма Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады және оның ағымдағы қызметін басқарады. Қоғам Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Қоғам Басқармасының сандық құрамы бес мүшеден тұрады. Іс жүзінде, Кеңес бес адамнан тұрады. Олардың барлығы қаржы, заң, инженерия, энергетика, корпоративтік басқару, дамыту және сату саласында жоғары кәсіби басқару дағдыларына ие, мінсіз беделі, мол жұмыс өтілі бар. Басқарма мүшелерінің функциялары мен міндеттері Жарғыда, Басқарма туралы ережеде және «Міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу туралы» бұйрықта анықталған.
17	Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді және ұйымның күнделікті қызметіне басшылық жасайды, Стратегияны, Даму жоспарын және Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдердің орындалуына жауап береді.	Сақталады	Басқарма ағымдағы қызметке басшылық жасайды, Директорлар кеңесіне есеп береді, Даму стратегиясының, Даму жоспарының (бизнес-жоспар), Инвестициялық жоспардың, сонымен қатар Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуы үшін жауап береді.
18	Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы мен мүшелерін сайлайды, олардың өкілеттік мерзімін, лауазымдық жалақыларының мөлшері мен олардың еңбегіне ақы төлеу шарттарын анықтайды. Ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті атқарушы органның құрамына үміткерлерді іздеу және таңдау, олардың сыйақыларын анықтау процесінде маңызды рөл атқарады. Алқалы атқарушы органға сайлау үшін кандидатуралар бойынша ұсыныстарды Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің қарауына атқарушы органның басшысы енгізеді. Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы атқарушы органға сол бос қызмет орнына ұсынған кандидатты екінші рет қабылдаудан бас тартқан жағдайда, осы бос лауазымға үміткер бойынша ұсыныс енгізу құқығы Директорлар кеңесіне өтеді.	Ішінара сақталады	Жарғыға және ішкі құжаттарға сәйкес Директорлар кеңесі Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтайды, Басқарма мүшелерін сайлайды, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады (Басқарма Төрағасын қоспағанда). Жалғыз акционердің құзыретіне Қоғамның Басқарма Төрағасын тағайындау (сайлау) және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселелер кіреді. Қоғам Басқармасы туралы ережеге және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Басқарма 3 жылға дейінгі мерзімге сайланады. Басқарма құрамына үміткерлерді іздестіру және іріктеу "Самұрық-Қазына" АҚ тобының Адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады. CEO-1 лауазымына кандидаттарды конкурстық іріктеуді жүргізу үшін комиссия құрылады, ол кандидаттармен алқалы әңгімелесу өткізеді

	<p>Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің өкілеттіктерін кез келген уақытта тоқтата алады. Атқарушы органның басшысы мен мүшелерін үш жылға дейінгі мерзімге сайлау ұсынылады. Атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі тұтастай алғанда атқарушы органның өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді.</p>	<p>және CEO-1 лауазымына, CEO-1 лауазымын қоса алғанда, кандидаттар бойынша ұсынымдар қалыптастырады, олар Басқарма Төрағасына Қоғам Басқармасының құрамына сайлауға ұсынылатын болады.</p> <p>Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің рөлін іске асыру мақсатында Қоғам Басқармасының төрағасы (бұдан әрі – Комитет) Қоғам Басқармасының құрамына кандидаттарды іздеу және іріктеу процесінде кандидаттардың қысқа тізімін Комитеттің қарауына жібереді. Комитет қысқа тізімге енген кандидаттардың профайлдарын қарайды, кандидаттармен сұхбат немесе алқалық әңгімелесу өткізеді және қысқа тізімдегі кандидаттар бойынша Басқарма төрағасына CEO-1 үміттенген лауазымына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі жөнінде ұсынымдар ұсынады.</p> <p>Басқарма төрағасы Комиссия мен Комитеттің ұсынымдары негізінде, қоғамның қауіпсіздік жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің оң қорытындысы алынған жағдайда кейіннен Басқарма құрамына сайланатын CEO-1 лауазымдарына кандидаттарды тағайындау туралы шешім қабылдайды. Кейіннен Басқарма құрамына сайланатын CEO-1 лауазымына кандидаттар тағайындалғаннан кейін Басқарма төрағасы ҚР заңнамасына және қоғамның жарғысына сәйкес басқарма мүшелерін сайлау туралы мәселені шығарады. Бұл жағдайда Комитет Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар береді. Комитет ұсынған ұсынымдардың қорытындылары бойынша кандидаттардың құжаттары Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына жіберіледі.</p> <p>Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін сайлау кезінде кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптары мен оларды сайлау рәсімін айқындайтын қоғамның ішкі құжаттарының ережелерін басшылыққа алады.</p> <p>Басқарма мүшелері, Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелері, Қоғам қызметкерлері өкілдерінің, қоғамның еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторының, Қоғамның Корпоративтік хатшысының, қоғамның ішкі аудит қызметінің функцияларын жүзеге асыратын қызметкерлер бола алмайды.</p> <p>Басқарма Төрағасы Басқармадағы бір бос лауазымға екі реттен артық</p>
--	--	--

			<p>сайлануға ұсынылатын кандидат бойынша Директорлар кеңесінің қарауына ұсыныстар енгізуге құқылы.</p> <p>Директорлар кеңесі атқарушы орган мүшелерінің (Басқарма Төрағасын қоспағанда) өкілеттіктерін кез келген уақытта тоқтата алады.</p> <p>Директорлар кеңесі жалақы мен сыйлықақы төлеу ережелерін, еңбекақы төлеу сызбаларын, сондай-ақ Басқарма Төрағасының, Басқарма мүшелерінің жалақысының мөлшерін бекітеді, Басқарма мүшелерінің уәждемелік НҚК-лерін бекітеді.</p>
19	<p>Компанияның бірінші басшысының лауазымына кандидат Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген тиісті тізімге енген жағдайда, Қазақстан Республикасының Президентімен немесе Президент Әкімшілігімен келісіледі. Бұл жағдайда Компанияда Кодексте белгіленген тәртіппен атқарушы органның басшысын іздеу және сайлау тәртібі қолданылады.</p>	Сақталады	<p>"Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын немесе онымен келісім бойынша тағайындалатын лауазымды тұлғалар бойынша кадр мәселелерін шешу тетігін жетілдірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі № 784 қаулысына сәйкес "Самұрық-Энерго" АҚ бірінші басшысының лауазымы ұлттық холдингтердің, компаниялардың, даму институттарының, мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізіміне енгізілген, олардың бірінші басшылары Премьер-Министрдің ұсынуы (ұсынымы) бойынша немесе онымен келісім бойынша лауазымға тағайындалады немесе лауазымнан босатылады. Сонымен қатар, Қоғамның Жарғысына және Басқарма туралы ережесіне сәйкес, Қоғамның Басқарма төрағасы лауазымына үміткер тағайындауды (сайлауды) Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.</p> <p>Басқарма Төрағасының тағайындалуын келісу, оны тағайындау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды келісу "Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы шешімімен (№42/19 хаттама) бекітілген "Самұрық-Қазына" АҚ портфельдік компаниялары атқарушы органдарының басшыларын тағайындауды, тағайындауды келісу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>Қоғам Басқармасы туралы ереже Қоғамның атқарушы органының басшысы лауазымына кандидаттарға қойылатын біліктілік пен дағдыларға қойылатын талаптарды анықтайды.</p>
20	Атқарушы органның басшысы мен мүшелерін Директорлар кеңесі	Сақталады	Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес, Директорлар

	<p>бағалайды. Бағалаудың негізгі өлшемі НҚК қойған жетістікке қол жеткізу болып табылады.</p> <p>Атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің уәждемелік НҚК-сін Директорлар кеңесі бекітеді.</p> <p>Атқарушы орган мүшелерінің уәждемелік НҚК бөлігіндегі ұсыныстарын Директорлар кеңесінің қарауына атқарушы органның басшысы енгізеді.</p> <p>Бағалау нәтижелері сыйақы мөлшеріне, көтермелеуге, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді.</p>		<p>кеңесі қызметті бағалау және сыйақы төлеу қағидаларын бекітеді және Басқарма Төрағасының, Басқарма мүшелерінің жалақы мөлшерін анықтайды, Басқарма мүшелерінің уәждемелік НҚК-сін бекітеді. НҚК-нің орындалуын Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшерін белгілеу, көтермелеу, қайта сайлау (тағайындау) немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мөлшерін анықтау үшін жүзеге асырады.</p>
21	<p>Атқарушы орган мүшелері тарапынан Іскерлік этика кодексінің нормаларын бұзу фактілері анықталған жағдайда Директорлар кеңесіне атқарушы органның басшысы хабарлауы тиіс.</p> <p>Іскерлік этика кодексінің нормаларын бұзған атқарушы органның мүшесі басқа ұйымның атқарушы органының мүшесі бола алмайды.</p>	Сақталады	<p>2020 жылы Қоғам Басқарма мүшелерінің Іскерлік этика кодексінің нормаларын бұзу фактілері анықталған жоқ.</p>
22	<p>Корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда қатысушылар ұйым мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында оларды келіссөздер арқылы шешудің жолдарын іздестіреді.</p> <p>Корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және реттеу бойынша жұмыстың тиімділігі, ең алдымен, мұндай жанжалдардың барынша толық және жедел анықталуын, сондай-ақ ұйымның барлық органдарының іс-әрекеттерін нақты үйлестіруді талап етеді.</p> <p>Корпоративтік хатшының көмегімен корпоративтік жанжалдарды ұйымның Директорлар кеңесінің төрағасы қарайды. Егер Директорлар кеңесі төрағасының корпоративтік жанжалға қатысы болса, мұндай істерді Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет қарайды.</p>	Сақталады	<p>Қоғамда «Самұрық-Энерго» АҚ-дағы корпоративтік жанжалдарды реттеу саясатында көрсетілген корпоративтік жанжалдарды шешу тетіктері әзірленді, онда олардың қатысушылары арасындағы корпоративтік жанжалдарды реттеу тәртібі мен рәсімдері белгіленеді. Бұл құжатты еншілес және тәуелді ұйымдарды қоса алғанда, Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері пайдаланады және ол БМЖ құжаттамасының құрамына енеді.</p> <p>Қоғамның корпоративтік қақтығыстарды реттеу жөніндегі саясаты оларды реттеу тәртібі акционердің құқықтарының сақталуы мен қорғалуын, сондай-ақ Қоғамның мүліктік мүдделері мен іскерлік беделін қорғауды қамтамасыз етуі керек дегенді білдіреді. Қоғамның басқару органдарының корпоративтік жанжалдарды қарау құзыреті корпоративтік жанжал мәселесі белгілі бір органның құзыретіне жататындығына байланысты шектеледі. Директорлар кеңесі Басқарманың, Басқарма Төрағасының, Қоғамның тиісті өкілеттіктер тапсырылған басқа қызметкерлерінің әрекеті (әрекетсіздігі) болып табылатын корпоративтік жанжалдарды немесе олар қабылдаған шешімдерді қарайды. Директорлар кеңесі корпоративтік жанжалдарды реттеуге қатысады. Егер Басқарма Төрағасы корпоративтік жанжалды реттеу мүмкін болмаған жағдайда, оның</p>

			шешімі Директорлар кеңесінің қарауына жіберіледі. 2020 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік қайшылықтар анықталған жоқ.
6-тарау. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит			
1	<p>Қорда және ұйымдарда Директорлар кеңесі және Қордың атқарушы органы мен ұйымдары құратын Қор мен ұйымдардың өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне негізделген және ұйымдастырушылық саясаттың, рәсімдердің, мінез-құлық пен іс-қимыл стандарттарының, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығын білдіріп, тиімді жұмыс істейтін және мыналарды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ұйым құнының өсуі, кірістілік және олармен байланысты тәуекелдер арасындағы оңтайлы балансты; 2) қаржы-шаруашылық қызметтің тиімділігі және компанияның қаржылық тұрақтылығына қол жеткізуді; 3) активтердің сақталуы және компанияның ресурстарын тиімді пайдалануды; 4) қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығын, сенімділігін және дұрыстығын; 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарын сақтауды; 6) алаяқтықтың алдын алу мен негізгі және қосалқы бизнес-процестердің жұмысына тиімді қолдау көрсету мен қызмет нәтижелерін талдау үшін тиісті ішкі бақылау жасауды қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі құрылуы тиіс. <p>Директорлар кеңесі мен атқарушы орган Қор мен ұйымдарда тәуекелдерді басқару мәдениетін енгізуді қамтамасыз етуі тиіс. Қорда және ұйымдарда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ендіру мен жұмыс істеуінің ең үздік тәжірибесіне (COSO) және Қордың әдіснамасына (саясатына) негізделген нақты нормативтік-құқықтық база болуы керек.</p>	Сақталады	<p>Қоғамда Директорлар кеңесі мен Атқарушы орган құратын өздерінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне негізделген және ұйымдастырушылық саясаттың, рәсімдердің, мінез-құлық пен іс-қимыл стандарттарының, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығын білдіріп, тиімді жұмыс істейтін ішкі бақылау жасауды қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі құрылды. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процесін реттейтін нормативтік құжаттарды бекітті. Жыл сайын Директорлар кеңесі Тәуекелдер картасын, Тәуекелдер тізілімін, тәуекелге тәбет пен төзімділік деңгейлерін, Негізгі тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын және тәуекел-көрсеткіштерді бекітеді. Тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша тоқсан сайынғы отырыстар өткізеді, тәуекелдер картасында тәуекелдердің көші-қоны, орын алған тәуекелдер туралы ақпаратты қарастырады, тәуекелдерді азайту жоспарларын қайта қарайды және тәуекелдер туралы есептерді бекітеді. Осылайша, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі қабылдаған шаралар кешені мыналарды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұйым құнының өсуі, кірістілік және олармен байланысты тәуекелдер арасындағы оңтайлы балансты; - қаржы-шаруашылық қызметтің тиімділігі және компанияның қаржылық тұрақтылығына қол жеткізуді; - активтердің сақталуы және компанияның ресурстарын тиімді пайдалануды; - қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығын, сенімділігін және дұрыстығын; - Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарын сақтауды; - алаяқтықтың алдын алу мен негізгі және қосалқы бизнес-процестердің жұмысына тиімді қолдау көрсету мен қызмет нәтижелерін талдау үшін тиісті ішкі бақылау жасауды қамтамасыз етуге бағытталған.

			<p>Директорлар кеңесі мен Атқарушы орган тәуекелдерді тиісінше басқарудың мәдениетін енгізуді қамтамасыз етті. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы Директорлар кеңесі бекіткен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ең үздік тәжірибесі (COSO) мен әдіснамасы (саясаты) (Тәуекелдерді басқару саясаты, Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ережелері, Ішкі бақылау жүйесі туралы ережелер және т.б.) негізінде әзірленген нормативтік құжаттар). Атқарушы орган бекітілген нормативтік құжаттарда белгіленген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процесіне қойылатын нормалар мен талаптардың үздіксіз іске асырылуын қамтамасыз етеді. Қоғамның корпоративті мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің рөлін күшейту үшін Атқарушы орган жанынан Тәуекелдер комитеті құрылды. Тәуекелдер мен оларды азайту бойынша 2020 жылы қабылданған шаралар мен іске асырылған тәуекелдер туралы ақпарат тоқсан сайын Директорлар кеңесіне ұсынылып отырды (ДК хаттамалары: 27.03.2020 ж. № 03/20 (2019 жылғы 4-тоқсандағы тәуекелдерді басқару бойынша есеп), 05.08.2020 ж. № 07/20 (2020 жылғы 1-тоқсандағы тәуекелдерді басқару бойынша есеп), 18.09.2020 ж. № 09/20 (2020 жылғы 2-тоқсандағы тәуекелдерді басқару бойынша есеп), 14.12.2020 ж. № 12/20 (2020 жылғы 3-тоқсандағы тәуекелдерді басқару жөніндегі есеп), 2020 жылғы 4-тоқсандағы тәуекелдерді басқару жөніндегі есеп 2021 жылғы 2-тоқсандағы ДК кезекті отырысына шығарылады).</p>
2	<p>Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі осы жүйенің мақсаттарына сүйене және Қордың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы озық жұмыс тәжірибелері мен әдіснамаларын ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындауы тиіс.</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Директорлар кеңесі Тәуекелдерді басқару саясаты мен ішкі бақылау жүйесі туралы ережеде баяндалған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін анықтады.</p> <p>Директорлар кеңесі мынадай негізгі қағидаттарды бекітті:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тәуекелдерді басқару жүйелері: <ul style="list-style-type: none"> - Қоғам басшылығының тәуекелдерді басқаруға қатысуы; - тәуекелдерді басқару жүйесін үнемі жетілдіру; - Қоғам қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару саласындағы оқыту мен білім алмасудың үздіксіздігі; - есеп берудегі ашықтық пен шынайылық және тәуекелдердің өсуі. • ішкі бақылау жүйесі:

			<ul style="list-style-type: none"> - тұтастық; - кешенділік; - жұмыс істеудің үздіксіздігі; - жауапкершілік; - міндеттерді бөлу; - ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың есептілігі; - әдістемелік базаның бірлігі; - операцияларды тиісті түрде мақұлдау және бекіту; - кез келген елеулі кемшіліктер мен бақылаудың әлсіз тұстары туралы хабарламаларды жеткізудің уақтылығы; - үздіксіз даму және жетілдіру. <p>Қоғам тобындағы тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы Қоғамның мынадай органдары мен бөлімшелерін тарта отырып, бірнеше деңгейлерді қамтиды: Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі жанындағы Аудит комитеті, Басқарма, Басқарма жанындағы Тәуекелдер комитеті, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлім, ІАҚ және өзге құрылымдық бөлімшелер. Құрылымдық бөлімшелер, оның әрбір қызметкері тәуекелдерді сәйкестендіреді, тәуекелдерге баға береді, төзімділік деңгейін анықтайды.</p>
3	<p>Қордың атқарушы органдары мен ұйымдары тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құруды және оны жүргізуді қамтамасыз етуі керек. Тәуекелдерді басқару процесі жоспарлау процестерімен (стратегия және даму жоспарлары, жылдық бюджет) және ұйым қызметінің нәтижелерін бағалаумен (басқару есебі) біріктірілуі тиіс.</p> <p>Қордың немесе ұйымның әрбір лауазымды тұлғасы шешім қабылдаған кезде тәуекелдердің дұрыс қаралуын қамтамасыз етеді.</p> <p>Қордың немесе ұйымның атқарушы органы тиісті біліктілігі мен тәжірибесі бар қызметкерлер үшін тәуекелдерді басқару рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.</p>	Сақталады	<p>Қоғамның атқарушы органы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құруды және оны жүргізуді қамтамасыз етті. Тәуекелдерді басқару процесі жоспарлау және қызмет нәтижелерін бағалау процестерімен біріктірілген. Қоғамның Даму жоспарында, ф.ІП-3- ықтимал тәуекелдер және НҚК жетістіктеріне әсер ететін тәуекелдерді басқару бойынша жоспарланған шаралар туралы ақпарат ашылды. Даму жоспарының орындалуы туралы басқарушылық есептерде ай сайын тәуекелдерді азайтуға бағытталған іс-шаралар туралы ақпарат ашылады.</p> <p>Қоғамның лауазымды тұлғалары шешім қабылдаған кезде тәуекелдердің дұрыс қаралуын қамтамасыз етеді. Даму жоспары Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерімен және топ-менеджерлерімен келісіледі.</p> <p>Қоғамда тәуекелдерді басқару рәсімдерін енгізу үшін жауапкершілік 5 жыл немесе одан жоғары тәжірибесі, мерзімді түрде оқу курстарынан өткен, тиісті біліктілігі бар қызметкерлерге жүктеледі. Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлім басшысының CRMA</p>

			тәуекелдерін басқару саласындағы халықаралық сертификаты, MBA дәрежесі, сонымен қатар IPMA халықаралық сертификаты бар.
4	<p>Қор мен ұйымдардың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі атқарушы орган жүргізетін тәуекел менеджментінің жоғары мәдениетіне негізделуі тиіс. Ол барлық маңызды тәуекелдерді сәйкестендіру рәсімдерінің, бағалау мен мониторинг жүргізудің міндеттілігін, сондай-ақ стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, жедел міндеттерді орындауға және компанияның беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету үшін уақтылы және барабар шараларды қабылдауды қамтиды.</p> <p>Тәуекелдерді басқару рәсімдері жаңа тәуекелдерге жедел ден қоюды, оларды нақты сәйкестендіруді және тәуекелдер иелерін анықтауды қамтамасыз етуі тиіс.</p> <p>Қор мен ұйымдардың бәсекелестік немесе экономикалық ортасында көзделмеген өзгерістер болған жағдайда, тәуекелдер картасын шұғыл қайта бағалау және оның тәуекелдерге деген тәбетіне сәйкестігін тексеру қажет.</p>	Сақталады	<p>Қор мен ұйымдардың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі атқарушы орган жүргізетін тәуекел менеджментінің жоғары мәдениетіне негізделуі тиіс. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидаларына сәйкес, Қоғамда барлық маңызды тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторинг жүргізу рәсімдері жүргізіледі. Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге, операциялық міндеттері мен беделіне теріс әсер етуі мүмкін Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді және бекітіледі. Тәуекелдерді басқару мәдениеті жаңадан жұмысқа қабылданған қызметкерлерді оқытудың алғашқы кезеңінен бастап енгізілген және ішкі және сыртқы тренингтер мен семинарлар арқылы барлық қызметкерлерді мерзімді оқыту арқылы қолдау тапқан. Сәйкестендіру және бағалау нәтижелері тізілімде және тәуекелдер картасында көрсетілген. Тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарында уақтылы және тиісті шаралар қарастырылған, мұнда тәуекелдердің деңгейін төмендету үшін жауапты орындаушылар бекітілген. стратегиялық және беделдік НҚК-ге қол жеткізу үшін тәуекелдер сәйкестендіріліп, байғалған кезде ықтимал тәуекелдер туралы белгі беретін негізгі қауіптілік көрсеткіштері қарастырылды.</p> <p>Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидаларына сәйкес, бизнес-процестердің тәуекелдер иелері функцияларының бірі орын алған тәуекел немесе тәуекелді іске асыру қауіп-қатері туралы жедел ақпарат беру болып табылады. Бұл функция жаңа тәуекелдерге тез жауап беруге, оларды нақты сәйкестендіруге және тәуекелдер иелерін анықтауға мүмкіндік береді. Жедел ақпаратқа және уақытылы сәйкестендіруге сүйене отырып, Қоғам тәуекелдер картасын және оның тәуекел-тәбетіне сәйкестігін жедел қайта бағалайды. Тәуекелдер картасында тәуекелдердің миграциясы көрсетіледі. Қоғамның стратегиясы мерзімді түрде өзектендіріліп отырады.</p>
5	<p>Қор мен ұйымдарда үш негізгі бағыт бойынша бақылау рәсімдері әзірлеу, бекіту, нысандандыру және құжаттау жүзеге асырылуы тиіс: операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау және</p>	Сақталады	<p>Бақылау рәсімдері Тәуекелдер мен бақылау матрицаларында сипатталған, сонымен бірге Төлемдерді жоспарлау, келісу және жүргізу қағидаларында, Сатып алуды басқару процесі бойынша</p>

	Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.		құрылымдық бірліктердің өзара іс-қимыл қағидаларында, Күпия ақпаратты сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықта, Даму жоспарларын, әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және орындалуына мониторинг жүргізу қағидаларында, Корпоративтік есеп саясатында, Салықтық есеп саясатында, Қаржылық есептілік депозитарийінің және қор биржасының интернет-ресурстарында ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру жөніндегі қағидаларда, «Самұрық-Энерго» АҚ электр станциялары жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуді мен жөндеуді ұйымдастыру ережелері және т.б. қарастырылған.
6	Қор мен ұйымдарға тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ашық қағидаттар мен тәсілдер, қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша оқыту тәжірибесі, сондай-ақ сәйкестендіру, құжаттау және лауазымды адамдарға қажетті ақпаратты уақытылы жеткізу процесі енгізілуі тиіс.	Сақталады	Қор мен ұйымдарға тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ашық қағидаттар мен тәсілдер енгізілген. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процесін реттейтін ішкі құжаттар Қоғамның сайтында және ішкі порталында, тізіліммен және тәуекелдер картасымен бірге орналастырылған. Қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша оқыту тұрақты түрде, сондай-ақ жаңадан қабылданған қызметкерлерді қабылдау кезінде өткізіледі. Сәйкестендіру, құжаттау және мүдделі тұлғаларға қажетті ақпаратты уақтылы беру процесі Тәуекелдерді басқару саясатына, Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидаларына, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жөніндегі басқа да ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.
7	Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі ағымдағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің Директорлар кеңесі айқындаған оны ұйымдастыру мен тиімді жұмыс істеуіне қатысты қағидаттар мен тәсілдерге сәйкес келетініне көз жеткізу үшін тиісті шараларды қабылдауы тиіс. Тәуекелдер туралы есептер тоқсанына кемінде бір рет Директорлар кеңесінің отырыстарына ұсынылуы және тиісті түрде толығымен талқылануы тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесін бағалау әдістемесін бекітті, онда тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің және ішкі бақылаудың жұмысын ұйымдастыру және тиімді жұмыс істеуі үшін Директорлар кеңесі белгілеген қағидаттар мен тәсілдерге сәйкестігін бағалау әдістері айқындалды. Тәуекелдер туралы есептер тоқсан сайын Директорлар кеңесінің отырыстарына ұсынылады. Тәуекелдер туралы есептерді бекіту туралы Директорлар кеңесі отырысының үзінділері, сондай-ақ отырыстардың жазбалары тәуекелдер туралы есептердің дұрыс және толық талқыланғанын көрсетеді. (ДК хаттамалары: 27.03.2020 ж. № 03/20 (2019 жылғы 4-тоқсандағы тәуекелдерді басқару бойынша есеп), 05.08.2020 ж. № 07/20 (2020 жылғы 1-тоқсандағы тәуекелдерді басқару бойынша есеп), 18.09.2020 ж. № 09/20 (2020 жылғы 2-тоқсандағы тәуекелдерді басқару

			бойынша есеп). 14.12.2020 ж. № 12/20 (2020 жылғы 3-тоқсандағы тәуекелдерді басқару жөніндегі есеп), 2020 жылғы 4-тоқсандағы тәуекелдерді басқару жөніндегі есеп 2021 жылғы 2-тоқсандағы ДК кезекті отырысына шығарылады).
8	Қорда және ұйымдарда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің, сондай-ақ корпоративтік басқару тәжірибесінің сенімділігі мен тиімділігін жүйелі түрде тәуелсіз бағалау үшін ІАҚ құрылуы тиіс.	Сақталады	Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімімен құрылды. Қызметтің миссиясы - Директорлар кеңесі мен Атқарушы органға Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі міндеттерін атқаруда қажетті көмек көрсету. Қызмет жұмысының негізгі мақсаты - Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге жүйелі көзқарас енгізу арқылы Қоғамды тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпарат ұсыну.
9	Қор мен ұйымдардағы ішкі аудит жеке құрылымдық бөлімше - ІАҚ-ны құру арқылы жүзеге асырылуы тиіс (жауапкершілігі шектеулі серіктестік түріндегі ұйымдарда ішкі аудит функциялары байқаушы комиссияға есеп беретін тексеру комиссиясына / бақылаушыға жүктелуі тиіс; бұл жағдайда тексеру комиссиясының/бақылаушының мақсаттары, функциялары мен міндеттері, оның ұйымның органдарымен өзара іс-қимыл тәртібі осы Кодексте ішкі аудит қызметіне қолданылатын қағидаттарды ескере отырып белгіленуі тиіс). ІАҚ мақсаттары, өкілеттіктері мен жауапкершіліктері, біліктілік талаптары (ішкі аудиторлардың кәсібилігіне қойылатын талаптар) компанияның ішкі құжатында (ІАҚ туралы ережеде) анықталуы тиіс. ІАҚ туралы ереже халықаралық кәсіби аудит стандарттарының және ішкі аудит саласындағы Қордың корпоративтік стандарттарының талаптарын ескере отырып әзірленіп, бекітілуі тиіс. Ұйымдардың Директорлар кеңесінің міндеті - ІАҚ туралы ереженің ұйымдар бизнесінің айрықша қажеттіліктеріне толық сәйкестігін қамтамасыз ету.	Сақталады	ІАҚ туралы ереже ІАҚ-ның міндеттерін, өкілеттіктері мен жауапкершілігін, біліктілік талаптарын анықтайды. ІАҚ туралы ереже Халықаралық кәсіби стандарттарға толық сәйкес келеді. ІАҚ туралы ереже Қоғам бизнесінің айрықша қажеттіліктеріне толық сәйкес келеді.
10	Ішкі аудиттің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін ІАҚ Директорлар кеңесіне ұйымдық бағыныста және функционалды есеп беруі тиіс. Директорлар кеңесі ІАҚ жұмысының жоспарлары мен стратегияларын, ІАҚ бюджетін бекіту туралы шешім қабылдайды, ІАҚ қызметкерлерінің сандық құрамын, еңбекақы мен сыйақылардың мөлшері мен оларды төлеу	Сақталады	ІАҚ-ның Директорлар кеңесіне ұйымдық бағынуы мен функционалды есеп беруі мынадай шарттармен қамтамасыз етіледі: 1) Директорлар кеңесінің ІАҚ мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын мен жұмыс тәртібін реттейтін ішкі аудит саласындағы ережелер мен өзге саясатты бекітуі (Аудит комитетінде алдын ала қарау);

	шарттарын белгілейді.		2) Директорлар кеңесінің тәуекелге бағытталған жылдық аудиторлық жоспарды бекітуі (Аудит комитетінде алдын ала қарау); 3) Директорлар кеңесіне (Аудит комитетіне) жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы тоқсан сайын және жылдық есеп беру және ішкі аудит қызметі туралы басқа ақпаратты ұсыну; 4) Директорлар кеңесінің ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, қызметінен босату, оларға сыйақы төлеу туралы шешімдерді (Аудит комитетінде алдын ала қарау) бекітуі; 5) Директорлар кеңесінің (Аудит комитетінің) ІАҚ бюджетін бекітуі; 6) Директорлар кеңесінің (Аудит комитетінің) ІАҚ өкілеттіктеріне қойылатын елеулі шектеулерді немесе ішкі аудитті жүргізуге теріс әсер етуі мүмкін өзге де шектеулерді қарауы.
11	Ұйымдардағы ІАҚ басшысы Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттары негізінде бөлімнің қызметін реттейтін ішкі құжаттарды әзірлеп, олардың Аудит комитеті мен Директорлар кеңесінде қаралуы мен бекітілуін қамтамасыз етуі тиіс.	Сақталады	ІАҚ басшысы Қордың әдістемелік қолдауы негізінде ІАҚ қызметін реттейтін ішкі құжаттарды (Ереже, Ішкі аудитті ұйымдастыру саясаты, Сапаны қамтамасыз ету мен жетілдіру бағдарламасы және т.б.) әзірледі, бұл құжаттар Аудит комитеті мен Директорлар кеңесінде қаралып, бекітілді.
12	ІАҚ өз қызметін Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелге бағытталған жылдық аудиторлық жоспар негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері мен негізгі қорытындылар тоқсан сайын Директорлар кеңесіне шығарылады.	Сақталады	ІАҚ өз қызметін жыл сайын Директорлар кеңесі бекітетін және қажет болған жағдайда қайта қаралатын тәуекелдерге негізделген жылдық аудит жоспарының негізінде жүзеге асырады.
13	Өз қызметін жүзеге асыру кезінде ІАҚ ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін бағалау, ішкі аудит және корпоративтік стандарттар саласындағы жалпы қабылданған қызмет стандарттарын, сондай-ақ ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау саласындағы Қордың ұсынымдарын қолдана отырып, корпоративтік басқаруды бағалауы тиіс.	Сақталады	ІАҚ кезең-кезеңмен ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалайды, ішкі аудит саласындағы жалпы қабылданған қызмет стандарттары мен корпоративтік стандарттарды қолдана және Қордың корпоративтік басқаруды бағалау, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау саласындағы әдістемесін басшылыққа ала отырып, корпоративтік басқаруды бағалайды.
14	ІАҚ басшысы ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын, сондай-ақ ІАҚ қызметіне міндетті ішкі және сыртқы бағалау жүргізуді көздейтін кепілдіктер мен сапаны жақсарту бағдарламасын әзірлеп, жүргізуі тиіс. ІАҚ қызметінің, оның басшысы мен қызметкерлерінің жұмысының тиімділігін бағалауды Директорлар кеңесі ІАҚ есептерін қарау, жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы мен есеп беру мерзімдерін сақтау, есептердің ІАҚ стандарттары мен ішкі	Сақталады	ІАҚ басшысы Ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын және ІАҚ қызметіне міндетті ішкі және сыртқы бағалау жасауды көздейтін Аудит комитеті бекіткен кепілдіктер мен сапаны жақсарту бағдарламасын әзірледі. Ішкі аудит қызметінің басшысы ішкі аудит қызметінің барлық мәселелерін, оның ішінде кеңес беруді қамтитын ПППК үшін толық жауапкершілікте болады. Жыл қорытындылары бойынша ДК ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалайды.

	нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырады.		
7-тарау. Ашықтық			
1	Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Қор және ұйымдар олардың қызметінің барлық маңызды аспектілері, соның ішінде қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы ақпаратты уақытылы және сенімді түрде жариялайды.	Сақталады	Қоғамның сайтында Қазақстан Республикасының заңнамасына және мүдделі тараптардың мүдделерін қозғайтын Биржаның Листинг ережелеріне сәйкес барлық ақпарат ашылады. Барлық ақпарат уақытылы орналастырылады. Қоғам «Акционерлік қоғамдар туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңдарының және Компания ІНҚ-сының сақталуы аясында ҚЕД және КАСЕ интернет ресурстарында копоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жария етіп отырады.
2	Қор мен ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда көзделген ақпаратты уақытылы ашады. Қор және ұйымдар ақпаратты ашу мен қорғаудың қағидаттары мен тәсілдерін анықтайтын ішкі құжаттарды, сондай-ақ мүдделі тараптарға ашылатын ақпарат тізбесін бекітуі тиіс. Қор және ұйымдар ақпаратты қол жетімділік санаты ретінде жіктеу тәртібін, ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығына ие адамдардың шеңберін анықтайды және оның құпиялығын сақтау бойынша шаралар қолданады.	Сақталады	Қоғам ақпаратты ашу мен қорғау қағидаттары мен тәсілдерін реттейтін нормативтік құжаттарды бекітті. Қоғамда мыналар жұмыс істейді: Мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпараттар тізбесі; Ақпаратты ашу және ұсынуға жауапты лауазымды тұлғалар мен функционалдық бөлімшелер, есептілік форматтары көзделген "Самұрық-Энерго" АҚ web-сайтында ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру қағидалары; «Самұрық-Энерго» АҚ Ақпараттық қауіпсіздік саясаты; «Самұрық-Энерго» АҚ-да құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық; Қаржылық есептілік пен қор биржасының Интернет-ресурстарында ақпаратты дайындау және орналастыру қағидалары; «Самұрық-Энерго» АҚ Ақпараттық саясаты.
3	Акциялары немесе облигациялары қор биржасында сатылатын қор, компания және ұйымдар өздерінің Интернет-ресурстарында Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) сәйкес дайындалған жылдық қаржылық есептілікті, сондай-ақ бірінші тоқсан, жартыжылдық және есепті кезеңнің алғашқы тоғыз айы үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған қаржылық есептілікті уақтылы орналастыруға міндетті. Қаржылық есептіліктің негізгі формаларынан басқа, акциялары немесе облигациялары биржада сатылатын Қордың, компаниялар мен ұйымдардың қаржылық жағдайы туралы қосымша ақпаратты ашу ұсынылады.	Сақталады	Қоғамның сайтында «Акционерге» бөлімінде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) сәйкес дайындалған аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілік, сондай-ақ ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған есепті кезеңнің бірінші тоқсаны, жартыжылдық және тоғыз айы кезеңі үшін дайындалған қаржылық есептілік орналастырылады. Осы барлық есептілік белгіленген мерзімге сәйкес уақытылы орналастырылады.

4	<p>Қор мен ұйымдар жыл сайын тәуелсіз және білікті аудиторды тарта отырып, қаржылық есептілік аудитін жүргізуі керек, ол үшінші тарап ретінде мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы мен оның ҚЕХС-ке сәйкестігі туралы объективті пікір ұсынады. Егер жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында және / немесе ұйымның ішкі құжаттарында қарастырылған болса, жыл сайынғы аудит бөлігіндегі нормалар қолданылады.</p>	Сақталады	<p>Қоғам жыл сайын тәуелсіз және білікті аудиторды тарта отырып, жылдық аудиттерді өткізеді және жарты жылдық қаржылық есептілікке шолу жасайды. «PricewaterhouseCoopers» ЖШС-ның сыртқы аудитору мынадай өлшемдерге сәйкес келеді: аудиторлық ұйым мамандарының жоғары біліктілігі; қазақстандық және халықаралық нарықтағы жұмыс тәжірибесі; салалық бизнесті білу; Қазақстан нарығында да, халықаралық нарықта да оң беделінің болуы; аудиторлық ұйымның Халықаралық аудит стандарттарына, Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет саласындағы заңнамасына, Халықаралық Бухгалтерлер Федерациясының кәсіби бухгалтерлерінің этика кодексіне сәйкестігі; кемшіліктерді анықтау және қаржылық есептілікті дайындау процесінде ішкі бақылауды жетілдіру бойынша ұсыныстар беру жөніндегі жұмыстың тиімділігі.</p>
5	<p>Акциялары қор биржасында саудаланатын қор, компаниялар мен ұйымдар осы Кодекстің ережелеріне және ақпаратты жариялаудың ең жақсы тәжірибесіне сәйкес жылдық есепті дайындайды. Жылдық есепті Директорлар кеңесі бекітеді.</p>	Сақталады	<p>Қоғам жыл сайын акционер мен басқа мүдделі тұлғалар үшін ақпараттың негізгі көздерінің бірі болып табылатын Біріктірілген Жылдық есепті дайындайды. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның соңғы бірнеше жылдағы жылдық есептері Қазақстан қор биржасының қолдауымен RAEX жылдық есеп байқауында («Қазақстан РА сарапшысы») «Қаржылық емес саладағы ең үздік жылдық есеп» номинациясын иеленді.</p>
6	<p>Интернет-ресурс жақсы құрылымдалған, іздеу үшін ыңғайлы және мүдделі тараптарға Қоғам қызметін түсінуге қажет ақпаратты қамтуы керек.</p>	Сақталады	<p>Қоғамның www.samruk-energy.kz ресми сайты сайтта және жеке беттер бойынша іздеуге ыңғайлы навигациясы («пайдалану мүмкіндігі») бар қазіргі заманғы интерфейсті қолдана отырып жасалған. Сайт бөлімдерінің тақырыптары Корпоративтік жаңарту кодексінің және қабылданған стандарттардың барлық талаптарына сәйкес келеді. Материалдар мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады. Қоғамның веб-сайтына ақпарат дайындау мен оларды орналастыру ережелері құрылымдық бөлімшелердегі тұлғалардың веб-сайтта Компанияның қызметіне қатысты орналастырған ақпараттарының толықтығы мен өзектілігі үшін жауапкершілігінде көзделген. Ақпарат жүйелі түрде жаңарып отырады, құрылымдық бөлімшелердің жауапты тұлғалары ай сайын өздеріне бекітілген бөлімдердің мазмұнын өзектендіріп, жаңартып отырына мониторинг жүргізеді. Сайт Қоғамның мүдделі тараптарының «Самұрық-Энерго» АҚ-ның негізгі қызметі туралы</p>

			қажетті ақпаратты алуы үшін бірінші және негізгі көздердің бірі болып табылады. 2020 жылы қоғам сайтының жаңартылған дизайндағы жаңа нұсқасы енгізілді. Техникалық, грамматикалық сипаттағы кемшіліктерді жою үшін оны тестілеу, мұрағатты сайттың ескі нұсқасынан жаңа ресурсқа көшіру жұмыстары жүргізілді.
--	--	--	---